

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстық процесс кафедрасы

**«СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДЕ ЖАУАП
АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»**

Қарағанды қаласы, 2023

УДК 343

Пікір сарапшы: Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының доценті, философия докторы М.Е.Балгожина. Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылымыстық процесс кафедрасының доценті, з.ғ.к., Жакупов Б.А.

Каирбекова А.А.,

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі жауап алудың ерекшеліктері: практикум – Қарағанды: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023 - 68 б.

Практикумда жауап алу хаттамасының түсінігі, мәні және құрылымына қатысты теориялық және практикалық ережелер қамтылған. Қылмыстық процеске қатысушылардың әрқайсысынан жауап алуға қатысты қылмыстық іс жүргізу актісін жасау бойынша нұсқаулар, тергеу әрекетінің хаттамасын дұрыс дайындау үшін қажетті нормативтік және ғылыми материалдардың тізбесі белгіленген.

Жоғары оқу орындарының барлық оқу нысанындағы оқушыларға және практикалық қызметкерлерге арналған.

УДК 343

© Каирбекова А.А., 2023;
© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2023

Мазмұны

Кіріспе	4-5
1. Жауап алудың жалпы қағидалары, түрлері және түсінігі.	6-13
2. Жауап алу барысындағы тергеушінің (анықтаушының) қызметі.	14-32
3. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі дыбыс- бейнежазбалар өндірісінің ерекшеліктері	33-35
4. Тергеу әрекеттерін дыбыс-, бейнетіркеуді қолданумен жасалған хаттама	36-41
5. Қылмыстық процеске қатысушылардан жауап алу хаттамасының құрылымы	41-47
6. Өзіндік дайындыққа тестіктік тапсырмалар	48-56
7. Процесуалдық құжаттардың үлгілері	57-64
8. Қорытынды	65
Қолданылған әдебиеттері	66-67

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Конституциясында бірінші кезекте мемлекеттің жоғары құндылықтары адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен жеке мүдделері болып табылады.

Осыған орай, қазіргі заман талабына сай адамның құқықтарын, бостандықтарын, денсаулығы мен өмірін қандай да бір қол сұғушылықтан қорғау қабілеті бар құқықтық мемлекетті құруды қажет етеді.

«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет.

Азаматтар мүддесіне қызмет ететін мемлекеттің жаңа стандарттарын әзірлеу үшін көп жұмыс атқаруымыз керек. Осы тұрғыда құқық қорғау және сот жүйелеріне негізгі рөл жүктеледі. Бұл салаға реформа аса қажет. Жағдай жедел өзгеруде. Азаматтардың қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылатын жағдайлары да аз кездеспейді. Қылмысты анықтайтын жедел қызмет өкілдері мен процессуалдық шешім қабылдайтын тергеушілер қылмысты ашып, істі сотқа жіберуді басты мақсат санайтын бір басшының қарамағында бірге жұмыс істейді. Алайда көрсеткіш қуалау азаматтардың құқығы мен бостандығына нұқсан келтірмеуге тиіс! Прокурорлық қадағалауға келсек, бұл жұмыс үнемі кешеуілдеп жататынын көреміз. Прокурорлар істің мән-жайымен тек сотқа жіберер алдында ғана танысады. Қылмыспен күресуде тергеу және жедел-ізвестіру бөліністерінің өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеудің ғылыми көкейкестілігі мен тәжірибелік маңызы. Тәжірибеге талдау жүргізу тергеу және жедел-ізвестіру бөліністерінің түбегейлі жақсартуды қажет ететіндігін көрсетіп отыр. Қылмыстық ізге түсу органдарының қызметі әдістік, көп жылдар бойына мемлекет басшылығының әділ сынына түсіп отырғандығы кездейсоқ емес. Жедел-ізвестіру қызметінің сапалы нәтижелілігін ұлғайту, аталған қылмыстарды тергеуді сүйемелдеуді белсендендіру талап етілуде.

Сотқа дейінгі тергеп текеру кезінде жауап алу барысында тактикалық тәсілдерді қолданудың актуалдылығы және қиындығы айқын. Қылмыстарды тергеу көп жағдайда даулы сипатқа ие екені құпия емес Сондықтан тергеу туралы айта отырып, қылмыспен күрестің әрбір жеке бөліктерінде жеңуші мен жеңілуші бар екенін немесе қарамақайшылық, яғни адалдық пен зұлымдық қақтығысы барын біз ұмытамыз. Зұлым адам қылмыстардың сәтті тергелуіне қарсы өзінің бар күші мен мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жауапкершіліктен жалтару үшін әр түрлі әрекетке барады.

Зерттеудің теориялық негізі болып қылмыстық іс жүргізу, жедел-ізвестіру қызметі және криминалистика теориясы саласында ресейлік және отандық мамандардың жұмыстары болып табылады. Олар: М.А. Арыстанбеков, К.А. Бегалиев, И.Ш. Борчашвили, А.Я. Гинзбург, Е.Г. Джакишев, А.А. Исаев, Е.И.

Қайыржанов, Б.М. Нұрғалиев, Б.Х. Төлеубекова, А.Д. Шаймұқанов, А.Қ. Қалиев, А.О. Шакенов және тағы басқалары.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде жауап алудың қиындығы тергеуші үшін, көбінесе ақиқатты көрсету алудың күрделілігімен сипатталады. Өйткені, жауап алу тергеу әрекетін жүргізу барысында процесске қатысушы тұлғалармен психологиялық байланыс орнату, ақиқатты шындықты қалыптастыру мақсатында тактикалық ерекшеліктерді дұрыс таңдау және дәлелдеу процессінің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету сияқты күрделі мәселелерді шешу, жауап алудың нәтижелі болуына бірден бір септігін тигізеді. Сонымен бірге, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика ғылымы саласында жетілдірілген тактикалық кепілдемелерді сақтау және оны психологиялық қасиеттермен ұштастыра білу қабілеті қажет. Ендеше, аталған тақырыптың теориялық тұрғыдан да, практикалық мәні жағынан да маңыздылығы басым және меншікке қарсы әрекетімен сипатталады.

Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуде жауап алу тергеу әрекетін дұрыс ұйымдастырып жүргізе білу, алынған мәліметтердің дәлелдеме ретінде рұқсат етілу мәселесін шешуде аса қажетті процессуалдық талаптар деп айтуға болады. Сол себепті, жауап алу тергеу әрекетінің көп тараған, әрі күрделі тергеу әрекеті ретінде зерттеу пәні болуының ерекше сипаты бар.

1. Жауап алудың жалпы қағидалары, түрлері және түсінігі.

Жауап алу - дәлелдемелерді жинайтын және тексеретін ең кең таралған тергеу әрекеті.

Жауап алу - маңызды процестік әрекет, тірі сөз нысанында, көрсетпе нысанында қылмыстық іс жүргізу субъектілерінен алынатын және бекітілетін дәлелдемелердің жалғыз құралы. Жауап алудың басқа дәлелдемелерден ерекшелігі оны тұлғалардың өз ауыздарынан алынатындығында жатыр. Осыған байланысты жауап алынуға тартылған азаматтардың құқықтарын сақтау кепілдігі ретінде жауап алудың заңдылығы үлкен мәнге ие.

Жауап алу тарихы ертеден бастау алған. Әрине, ол замандарда жауап алудың тәртібі заңмен реттелмеген, бірақ тарихының дамуы барысында барлық қоғамдық қатынастар, соның ішінде жауап алу да заңдық реттеуін тапты. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде жауап алудың процессуалдық негіздері, түсінігі, мақсаттары мен түрлері айқын көрсетілген.

С.И. Ожеговтың сөздігін қарастыратын болсақ «күдіктіден немесе куәдан оқиғаны немесе жасалған қылмысты анықтау үшін (білу үшін) жауап алу – деп түсінік беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жауап алу тергеу әрекеті басқа тергеу әрекеттерге қарағанда, бұнда ақпараттарды коп алу болып саналады.

Күдіктіден, куәдан алынған жауап жасалған қылмыстың жағдайларын жан – жақты әрі толық қамтиді. Ол көлемі мен мазмұны бойынша басқа тергеулік әрекеттердің көмегімен алынған ақпараттан маңызы күштірек. Сондықтан, әрбір жауап алу мұндай ақпаратты толық ала бермейді. Оның әр түрлі себептер бойынша ойлаған нәтижеден төмен аяқталатын жағдайлары жиі болып тұрады. Көбіне бұл тергеулік қызметтің басында кездеседі және адамның психикасы мен жауап алудың тактикалық әдістерін білмеумен түсіндіріледі. Тергеушінің кәсіптік шеберлігі арта түскен сайын, оның сәтсіз жауап алулары азаяды. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде жауап алу барысында жауап алуды өткізуші органмен жауап алынушы тұлға арасында құқықтық қатынас туындайды. Бұл қатынастағы субъектілердің құқықтық жағдайлары келесілермен сипатталады: ең біріншіден, жауап алуды жүргізуші орган - бұл дәлелдеу субъектісі, оның міндеті фактілерді анықтау мен дәлелдеу, ал екіншіден, дәлелдеу қайнар көзі, яғни жауап алуға тартылып отырған тұлға, ол дәлелдемелерді ұсынуға міндетті емес.

Тергеуші жауап алу өндірісіне оралмаған жағдай тәжірибеде жоқ та шығар. Заң мазмұнына сәйкес, дәлелдеу істі заңды, негізделген және әділ шешу үшін маңызы бар мән – жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді пайдалануға қабылдаудан тұрады. Мазмұнды түсіндірер болсақ, дәлелдеу процесі дегеніміз, анықтама жүргізуші және тергеу органдарының, прокуратура және сот органдарының қылмыстық процестің басқа субъектілерінің қатысуымен жүзеге асыратын әрекеті болып табылады. Ендеше, осы әрекет барысында пайда болатын қатынастар қылмыстық - процессуалдық дәлелдеу этикасының талдау және бағалау объектісі болып табылады. Сонымен, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау

процесінде адамгершілік нормаларды, қағидаларды және талаптарды қолдану туралы білімдердің жиынтығын қылмыстық-процессуалдық дәлелдеу этикасы деп атаймыз.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде жауап алу дегеніміз - дәлелдемелерді жинайтын және тексеретін ең кең таралған тергеу әрекеті. Жауап алу - маңызды процессуалдық әрекет, тірі сөз нысанында, көрсетпе нысанында қылмыстық іс жүргізу субъектілерінен алынатын және бекітілетін дәлелдемелердің жалғыз құралы. Жауап алудың басқа дәлелдемелерден ерекшелігі оны тұлғалардың өз ауыздарынан алынатындығында жатыр. Осыған байланысты жауап алынуға тартылған азаматтардың құқықтарын сақтау кепілдігі ретінде жауап алудың заңдылығы үлкен мәнге ие. Жауап алудың сәтті өтуі көп жағдайларда жауап алушы тұлғаға (тергеушіге) және басқа да көптеген жағдайларға байланысты: жауап алуды өткізудің заңдылығына, нақты бір жағдайға, жауап алынушының тұлғасына және оның ізденгіштігіне, тактикалық тәсілдерді дұрыс қолданып, жауап алуды дұрыс жоспарлауына және т.б.

Материалдар мен заттарды дәлелдемелер ретінде жинау заңда көрсетілген тергеу және сот іс - әрекеттерін жүргізу жолымен сотқа дейінгі іс жүргізу сот талқылауы процесінде жүргізіледі. Дәлелдемелер жинау оларды табуды, бекітуді және алуды қамтиды. Бұл қатынастағы субъектілердің құқықтық жағдайлары келесілермен сипатталады: ең біріншіден, жауап алуды жүргізуші орган - бұл дәлелдеу субъектісі, оның міндеті фактілерді анықтау мен дәлелдеу, ал екіншіден, дәлелдеу қайнар көзі, яғни жауап алуға тартылып отырған тұлға, ол дәлелдемелерді ұсынуға міндетті емес.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде жауап алу дегеніміз істің дұрыс шешілуінде маңызы бар жағдайлар туралы көрсетулерді заңмен рәсімделген тәртіп бойынша жауап берушіден алуға бағытталған процессуалдық әрекет.

Қазақстан Республикасы 208-б. жауап алуға шақыру тәртібі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәны, жәбірленушіні, күдіктіні жауап алуға шақыру қағазы арқылы шақырады.

Шақыру қағазында жауап алуға шақырылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), адамды шақырып отырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, жауап алуға келетін мекенжай мен уақыты (күні, сағаты), адвокат шақыру құқығы, сондай-ақ дәлелді себептерсіз келмеудің салдары көрсетіледі.

Шақыру қағазы жауап алуға шақырылатын адамға одан қолхат ала отырып табыс етіледі не байланыс құралдарының көмегімен беріледі. Жауап алуға шақырылатын адам уақытша болмаған жағдайда, шақыру қағазы оның отбасының кәмелетке толған мүшесіне немесе тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй-пайдалану ұйымына немесе әкімшілікке не жұмыс орны бойынша әкімшілікке немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша өзге адамдар мен ұйымдарға табыс етіледі, олар шақыру қағазын жауап алуға шақырылатын адамға беруге міндетті.

Жауап алынатын адам өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып шақырылуы мүмкін.

Күзетпен ұсталып отырған күдікті жауап алуға күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы шақырылады және жеткізіледі.

Жауап алуға шақырылатын адам белгіленген мерзімде келуге не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамды келмеу себептері туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Жауап алуға шақырылатын адам дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда күштеп әкелінуі мүмкін не оған осы Кодексте көзделген өзге де процесік мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Он сегіз жасқа толмаған адам жауап алуға оның заңды өкілдері арқылы, ал олар болмаған кезде қорғаншы және қамқоршы орган арқылы не оның жұмыс немесе оқу орны бойынша әкімшілігі арқылы шақырылады.

Әскери қызметші жауап алуға әскери бөлім қолбасшылығы арқылы шақырылады.

Қазақстан Республикасының ҚПК 209-бап. Жауап алу орны, уақыты мен ұзақтығы.

1. Жауап алу сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жерде жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, егер оны қажет деп тапса, жауап алуды жауап алынатын адам тұратын жерде жүргізуге құқылы.

2. Жауап алу кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, күндізгі уақытта жүргізіледі.

3. Жауап алу үзіліссіз төрт сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс. Жауап алуды демалу мен ас ішуге арналған кемінде бір сағат үзілістен кейін жалғастыруға жол беріледі, бұл ретте жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы сегіз сағаттан аспауға тиіс. Медициналық көрсетілімдер болған жағдайда, жауап алудың ұзақтығы дәрігердің жазбаша қорытындысының негізінде белгіленеді.

3-1. Мыналардан:

1) жүкті әйелден не асырауында жас баласы бар әйелден;

2) елу сегіз және одан үлкен жастағы әйелдерден;

3) алпыс үш және одан үлкен жастағы ер адамдардан үздіксіз жауап алу – үш сағаттан, ал жауап алудың жалпы ұзақтығы бес сағаттан аспауға тиіс.

4. Кәмелетке толмаған адамнан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және үзіліссіз екі сағаттан артық, жалпы алғанда күніне төрт сағаттан артық жүргізілмейді. Кәмелетке толмаған адамның қажығаны анық болған жағдайда, жауап алу осындай уақыт өткенге дейін де үзілуі мүмкін.

Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңда көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиіс. Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Жауап алғанда қылмысты оқиғаға қатысты мынадай мәліметтерді білуге болады:

- қылмыстың болған уақыты;
- оның орны;
- амал-әдісі;
- қылмысты кімдердің жасағаны;
- оған қанша адамдардың жасағаны;

- істеген қылмыстың зардабы, залалы;
- сипаты мен мөлшері және басқа да мән жайларды анықтауға тура келеді.

Іс бойынша жауап алудың жалпы ережелерін суреттей отыра, жауап алу жауап алынатын адамға іс бойынша өзіне белгілі мән-жайларды айтуды ұсынудан басталады. Егер жауап алынатын адам іске мүлде қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтса, оған бұл туралы ескертілуге тиіс.

Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға жауаптарды нақтылау мен толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетектеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеулік әрекеттер жүргізу кезінде дәлелдемелерді алу құралы болып табылады. Олардың ішінде жауап алу ең көп таралғандығын тәжірибе көрсетіп отыр. Кейбір заңгерлердің айтуынша жауап алу тергеушінің жұмыс уақытының 27,3 %-ын, ал басқа тергеу әрекеттері 4 %-ын алады екен .

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жауап алынған тұлғалардың айғақтары Қазақстан Республикасының ҚПК 208-214 бб. сәйкес дәлелдемелердің қайнар көздері, ал ондағы қылмыс туралы мәліметтер қылмыс жасаған тұлғаның кәнілілігіне және іс бойынша маңызды жағдайлар бойынша тікелей дәлелдеме болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жауап алу барысында тергеушінің татикасының негізгі ережелері жөнінде айтатын болса ақ жауап алу жөнінде көптеген ғалымдар мен авторлар қызу пікір талас ойлар білдіріп осы жауап алу тәсілдері жөнінде қарастырған. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жауап алу дегеніміз заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті болып табылады. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алып, оларды қылмысты ашуға пайдаланады. Іс жүргізу жайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда: жәбірленушіден; куәгерден; күдіктінің жауап алу болып бөлінеді. Жауап алынған кезде қылмыстық процестік кодексте көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиіс. Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасынарттыру үшін жауап алғанда бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жауап алғанда қылмысты оқиғаға қатысты мынадай мәліметтерді білуге болады: қылмыстың болған уақыты; оның орны; амал-әдісі; қылмысты кімдердің жасағаны; оған қанша адамдардың жасағаны; істеген қылмыстың зардабы, залалы; сипаты мен мөлшері және басқа да мән жайларды анықтауға тура келеді. Куәның процессуалдық жағдайына байланысты жауап алудың түрлері: аймақтық инспектордың алған жауабы; жедел өкілеттің алған жауабы; анықтаушының алған жауабы; тергеушінің алған жауабы; прокурордың алған жауабы; соттың алған жауабы.

Қылмыстық сот өндірісінде арнаулы танымдары куәлардың осы санатының бекітілуі дұрыс болып неге сай пайдалануда білгір куәлардың жауап алу дербес нысан болып табылатындығы жайлы тұжырымдама жасаға мүмкіндік береді. Сонымен, куә бұл іс үшін мәні бар, онымен тікелей

қабылданған немесе оған хабарланған деректер туралы мәліметтерді хабарлау үшін сотқа шақырылған, істің нәтижесіне заңдық мүддесі жоқ тұлға немесе деректер туралы мәліметтерді тасымалдаушы қайнар көз болып табылады.

Қылмыстық іс бойынша куәнің берген жауабы – іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтайтын заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер, мәліметтер, ал олар қылмыстық іс бойынша дәлелдеме болып табылады. Қазақстан Республикасының Қазақстан процестік кодексінің бабына сәйкес, күш қолдану, қорқыту, алдау сонымен бірге өзге де заңсыз іс-әрекеттер арқылы алынған деректерді дәлел ретінде пайдалануға жол берілмейді деп жазылған. Демек, куәға қылмыстық іс жүргізу барысында ешқандай қысым, күш көрсетілмеуге тиіс және осы талаптарды сақтай отырып алынған деректердің ғана дәлелдемелік күші болады. Қылмысты уақтылы ашуда және оны дұрыс шешуде құқық қорғау органына біршама көмекті куәлар көрсетеді. Куә болу – азаматтың құқығы ғана емес, бәрінен бұрын жауапкершілікті міндет.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің қандай сатысында жауап алғандығына байланысты жауап алудың түрлері: анықтама кезінде алынған жауап; сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде алынған жауап; Сотқа дейінгі тергеп тексеруде міндетті түрде дәлелдеуге тиісті жағдайлар, қылмысты оқиғаға тиісті тікелей қатынасы бар деректі мәліметтер. Айталық, кіюіктінің қайда жүргенін, оның мекен жайын білу үшін қылмыскердің қайда жүргенін, оның мекен жайын білу үшін ең жақын адамдарынан сұрауға тура келеді. Жауап алудың мұндай аралық түрінің, қылмысты оқиғаға тікелей қатынасы болмаса да, істі тез ашуға тура кееді. Жауап алудың мұндай аралық түрінің, қылмысты оқиғаға тікелей қатынасы болмаса да, істі тез ашуға, қылмыскерді тауып ұстауда, істің кейбір мән-жайын анықтауда үлкен, маңызы бар. Куәдан жауаптары істегі басқа да деректерді нақтылап, тергеушінің, судьяның оқиғаның мән-жайына толық қанығып, тиісті шешім қабылдауына зор себептігін тигізеді. Дегенмен, болған қылмыстың мән-жайын қылмыскердің өзінен артық ешкім білмейді. Сондықтан қылмысты мойындап, өз қателігін дұрыс түсінген қылмыскерден аса маңызды мәліметтер алуға болады. Бірақ оны асыра бағалап, оған ерекше сезіммен қарауға болмайды. Өйткені, қылмыскер өзінің ауыр қылмыстарын жасыру мақсатында жеңіл қылмыстарын мойындап ауыр қылмысын жасыруы мүмкін.

Куәлар сотқа дейінгі өндіріс барысында берген көрсетулерінен бас тартулары кезінде, тәжірибеде қылмыстық іс бойынша тергеуді жүргізген, лауазымды тұлғалардан куә ретінде жауап алынған жағдайларда болады. Бұндай жағдайларда тергеуші мен анықтаушы, сотқа дейінгі өндіріс барысында олардың өздерімен анықталатын, сол мән-жайлардың куәсі ретінде жауап береді. Сонымен қоса, құрастырылған қылмыстық процессуалдық құжаттардың дұрыстығы бекерге шығарылған кезде, тергеуші өздеріне қарсы куәлік етуге мәжбүр. Сол уақытта, куә ретінде жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы орган қызметкерінен тактикалық мәліметтерге қатысты, олармен жедел-іздістіру шараларын өткізу кезінде тікелей қабылданған, осы органдарға жасырын негізде көмек көрсететін тұлғадан жауап алуға жол беріледі.

Қазақстан Республикасының ҚПК 210-бап. Жауап алуды жүргізудің жалпы қағидалары көрсетілген.

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында жауап алынатын адамның жеке басына көз жеткізуге тиіс. Егер жауап алынатын адамның іс бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білетіні-білмейтініне күмән келтірсе, оның айғақтарды қай тілде бергісі келетіні анықталады. Қажет болған жағдайларда оны аудармашымен тегін қамтамасыз етеді.

2. Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, осы Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Бір іс бойынша шақырылған адамдар басқа жауап алынатын адамдардан бөлек жауап береді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бір іс бойынша жауап алуға шақырылған адамдардың жауап алу басталғанға дейін бір-бірімен сөйлесе алмауы үшін шаралар қолданады.

3. Жауап алу жауап алынатын адамға істің өзіне белгілі болған мән-жайларын айтуды ұсынудан басталады. Егер жауап алынатын адам іске мүлде қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтатын болса, оған бұл туралы ескертілуге тиіс.

4. Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылауға және толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетелеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады.

5. Егер айғақтар цифрлық деректермен немесе есте сақтауға қиын өзге де мәліметтермен байланысты болса, жауап алынатын адам құжаттар мен жазбаларды пайдалануға құқылы, олар жауап алынатын адамның өтінішхаты бойынша немесе оның келісімімен хаттамаға қоса тігілуі мүмкін.

6. Егер жауап алу барысында жауап алынып отырған адамға заттай дәлелдемелер мен құжаттар көрсетілсе, басқа тергеу әрекеттерінің хаттамалары жария етілсе және тергеу әрекетінің дыбыс- және (немесе) бейнежазба, киноға түсіру материалдары тыңдатылып-көрсетілсе, онда бұл туралы жауап алу хаттамасында тиісті жазба жасалады. Бұл ретте хаттамада жауап алынып отырған адамның оған көрсетілген дәлелдемелер, жария етілген хаттамалар, тыңдатылып көрсетілген тергеу әрекеттерінің дыбыс- және (немесе) бейнежазбалары, кино түсірілімдер бойынша берген айғақтары көрсетіледі.

7. Мылқау немесе саңырау куәдан, жәбірленушіден, күдіктіден, айыпталушыдан жауап алу сурдоаударма дағдыларын меңгерген адамның қатысуымен жүзеге асырылады. Мұндай адамның жауап алуға қатысуы хаттамада көрсетіледі.

8. Жауап алынатын адамның психикалық немесе өзге ауыр науқасы болған кезде одан жауап алу дәрігердің рұқсатымен және оның қатысуымен жүзеге асырылады.

9. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шешімі бойынша, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, куәнің немесе жәбірленушінің өтінуі бойынша жауап алу кезінде дыбыс- және бейнежазба қолданылуы мүмкін. Жауап алынатын адамға мұндай дыбыс- және бейнежазбаның қолданылатыны туралы жауап алу басталғанға дейін хабарланады.

10. Дыбыс- және бейнежазба жауап алудың барысын толығымен көрсетуге және жауап алынатын адамдардың айғақтарын толық қамтуға тиіс. Жауап алудың бір бөлігін дыбыс- және бейнежазбаға түсіруге, сондай-ақ сол жауап алудың барысында берілген айғақтарды жазып алу үшін арнайы қайталауға жол берілмейді.

11. Жауап алу аяқталғаннан кейін дыбыс- және бейнежазба толығымен жауап алынып отырған адамға тыңдатылып-көрсетіледі. Айғақтардың дыбыс- және бейнежазбасына жауап алынып отырған адам жасаған толықтырулар да фонограммаға және бейнеграммаға енгізіледі. Дыбыс- және бейнежазба жауап алынатын адамның олардың дұрыстығын куәландыратын мәлімдемесімен аяқталады.

12. Жауап алу барысында дыбыс- және бейнежазба қолданылып алынған айғақтар жауап алу хаттамасына енгізіледі. Жауап алу хаттамасы, сондай-ақ: дыбыс- және бейнежазбаның қолданылғаны және бұл туралы жауап алынып отырған адамға хабарланғаны туралы белгіні; ғылыми-техникалық құралдар, дыбыс- және бейнежазба жағдайлары мен оны тоқтата тұру фактілері, тоқтатудың себептері мен ұзақтығы туралы мәліметтерді; жауап алынып отырған адамның дыбыс- және бейнежазбаны қолдану себебі жөніндегі мәлімдемесін; жауап алынып отырған адамға дыбыс- және бейнежазбаның тыңдатылып көрсетілгені туралы белгіні; жауап алынып отырған адамның және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның хаттаманың және дыбыс- және бейнежазбаның дұрыстығын куәландырғанын қамтуға тиіс. Фонограмма мен бейнеграмма іспен бірге сақталады және олар сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін мөрмен бекітіледі.

211-бап. Қосымша және қайталап жауап алу

1. Қосымша және қайталап жауап алу 210-бабында көзделген қағидалар сақтала отырып жүргізіледі.

2. Қосымша жауап алу мынадай:

1) жауап алынған адам тергелетін істің мән-жайлары бойынша бұрын берген айғақтарын олардың жеткілікті түрде анық немесе толық болмауына қарай нақтылауға немесе толықтыруға ниет білдірген;

2) бұрын жауап алынған адамға іс үшін елеулі жаңа сұрақтар туындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Қайталап жауап алу мынадай:

1) бастапқы жауап алуды жүргізудің процестік нормалары елеулі түрде бұзылған;

2) жауап алынған адам бұрын берген айғақтарынан бас тартқан және жаңа айғақтар беруге ниет білдірген жағдайларда жүзеге асырылады.

Білгір куәнің қарапайым куәдан айырмашылығы оның тұжырымдамалары да дәлелдемелік мәнге ие. Сондықтан, бұндай тұлғаларға қатысты жалпыға танымал ол қабылдаған нақты деректер туралы ғана, куә көрсетулер беруі мүмкін, оның көзқарасы, ой түйіні дәлелдемелік мәнге ие бола алмайтын ережелер әрекет етпейді. Егер, қарапайым куәмен хабарланған деректер тергеуші мен соттың анализдеуі үшін, әбден қол жететіндей болса, онда білгір куәмен аңғарылған мән жайлары, арнайы танымдар тұрғысынан түсіндіруді

қажет етеді. Сондықтан, бұндай көрсетулерде тек «жалаңаш» деректер ғана емес, сонымен қатар олардың маманмен талқылануы да маңызды. Білгір куәлардың екі түрі бар: қандай да бір тергелген оқиғаның көзімен көрген болған (мысалға, жәбірленушінің өлімі кезінде қатысқан дәрігер, автокөлік апатын бақылаған кәсіби-жүргізуші); тек қана өзінің арнайы танымдары және бұрынғы тәжірибесі негізде көрсетулер беретін (анықтамалық сипаттағы көрсетулер). Куәлардың бірінші санаты қандай да болмасын қиыншылықтар тудырмайды, бірақ, екіншісімен тәжірибеде де, теорияда да жиі күрделі қиыншылықтар пайда болады дұрыс түсінбеушілік, арнайы танымдарды пайдалануды басқа нысандармен араластыру және тағы басқалар. Сондықтан, осы санатқа кішкене нақтырақ тоқталамыз. Бірнеше мысалдар қарастырамыз.

Қорыта келе, біз осы сұрақта жауап алудың жалпы қағидалары, түрлері және түсінігін қарастырдық.

2. Жауап алу барысындағы тергеушінің (анықтаушының) қызметі.

Дайындық жұмысы жауап алатын әр адамға арнап құрған жоспарда, оған қойылатын сұрақтар жазылады, істегі қандай кезекте көрсету керектігі белгіленеді. Жазбаша жоспар құру тәжірибесі аз жас тергеушіге өте қажет. Көп эпизотты істерде мұндай жоспар істің мән-жайын толық зерттеп, анықтауға көмектеседі. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде куәнің осындай құқықтарын атап кеткен жөн деп есептейміз: қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соқтыратын айғақтар беруден бас тартуға; өз бетінше немесе үшінші тұлғалар арқылы адвокат шақыртуға; жауап алу басталғанға дейін өзі таңдаған, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың қатысуымен айғақтар беруге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; жауап алу хаттамасына өз айғақтарын өз қолымен жазуға; жедел-іздістіру және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарын қоспағанда, осы баптың бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттармен танысуға;өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге, дәлелдемелерді ұсынуға; өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде сараптама жүргізу және қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; өзіне қарсы куә болғандармен беттесуге; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге құқығы бар.

Куәдан жауап алар алдында тергеуші біріншіден деректерді, құжаттарды толық оқып, танысуы керек. Іспен толық танысып болғаннан кейін әр жауап алғанда қандай сұрақ қою керек екендігін және осы сұрақтарды қандай кезекте қою керек екендігін алдын ала анықтап, белгілеген жөн. Жауап алуға дайындық үстінде осы адамның міне құлқы, моральдық және интеллектуалдық қасиеттері жөнінде белгілі бір мәліметтер жинап, ол адамның кім, қандай адам екендігін біліп, онымен қандай бағытта қалай сөйлесу керек екендігін тергеушінің алдын ала жүйелеп алғаны жөн. Егер, жауап алу кеңінен тараған тергеу әрекеті болса, оның ішінде куәдән жауап алу ең жиі кездесетіні болып отыр. Куә мен жәбірленушіден жауап алудың шарттары Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 214 б. реттелген.

Тергеуші жауап алу алдында куәнің қандай қатысы бар екенін нықтайды, оларға процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, айғақтар беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді. Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәнің, жәбірленушінің өзінің, жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін, сондай-ақ ал діни қызметшінің тәубеге келу үстінде өзіне сырын ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқылы екенін түсіндіруге міндетті. Бұл құқықты пайдаланбаған куәге олардың көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде куә жауап алуға заң көмегін көрсету үшін

шақырылған адвокатпен бірге келсе, онда адвокат жауап алу кезінде қатысады. Жауап алу аяқталғаннан кейін адвокат жауап алудың мәні бойынша ескертулер беруге және жауап алу хаттамасына енгізілуге тиіс өтінішхат мәлімдеуге құқылы. Бір іс бойынша шақырылған куәләрден бөлек жауап алынады. Тергеуші бір іс бойынша шақырылған куәләр, жәбірленушілер жауап алу басталғанға дейін өзара сөйлеспейтіндей шаралар қолданылады.

Жауап алу алдында тергеуші куәні, жәбірленуші іс жүргізудегі құқықтарымен міндеттерін түсіндіреді, жауап беруден бас тартқандығы үшін қылмыстық жауапкершілікпен тартылатындығы ескертіледі. Логикалық ықпал жасау тәсілдері: жауап алынатын адам айғақтарын жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсыну; жауап алынатын адамнан көрсетулерін дәлелдеуді талап ететін дәлелдемелерді ұсыну; жауап алатын адам және онымен бірге қатысатындар арасындағы қарама-қайшылықтарды логикалық талдаудан өткізу, олардың теріс көзқарасты шындыққа жету үшін кедергі көрсетпейтін дәлелді түрде ұғыну. Жауап алу аяқталған соң тергеуші жауап берушіні хаттамаға түсірілген жауабымен және бейне дыбыс жазба жүргізілген болса, онда таспаны жазылған жауабын көрсету не естірту арқылы таныстырады. Жауап алу кезінде қандай техникалық құралды қолданылса да хаттама толтыру кезінде жауап беруші хаттамаға толықтырулар мен өзгертулер енгізуі мүмкін..

Тергеп-тексеруде тергеушінің істің мән-жайы туралы хабарлар екендігін жауап алынатын адам алдында асыра көрсететін жағдай туғызу; тергеушінің қандай да бір жағдайлар туралы хабарлар екендігін жауап алынатын адамға білдіртпеу; жанама жауап алу әдісі (шын мәніндегі қылмысқа қатысы бар екендігі жайлы басты сұрақтарды бүркемелейтін, ал жауап алатын адамның көзқарасындағы). Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жасы кәмелетке толмаған куә, жауап алу ерекшеліктері ең алдымен осы санаттағы тұлғалар психикасының ерекшеліктерімен көрсетіледі. Аталған тұлғалардан жауап алуға дайынды барысында тергеуші бала немесе жас өспірімнің жетілу дәрежесі, мінезінің ерекшелігі, оған ересектердің ықпал жасау деңгейі жайлы деректерді анықтап алады.

Тергеуші қылмыстық іс бойынша әр куәден қандай көлемде және қандай мәлімет алуға болатынын білу үшін, куәнің ойында жауаптың қалыптасу ерекшеліктерін есепке алуы керек. Жауаптың қалыптасу процесі бірнеше кезеңнен құралады: оқиғаны, не істің басқа бір мән-жайын қабылдау (көру, есту, байқау); осы қабылдап алған мәліметті ойда сақтау; осы мәліметтерді есіне түсіріп, тергеушіге айтып жеткізу қабілеті. Болған оқиғаны қабылдап алу, оқиғаға қатысты мәліметтердің толық қабылдануы белгілі бір себептерге байланысты.

Бұл себептер объективті және субъективті болып екі топқа бөлінеді.

1. Объективті себептер - көруге, естуге бөгет болатын жағдайлар;
2. Субъективті - есту, көру мүшелерінің қабілеті.

Куәдан жауап алу тергеу әрекеті дәлелдемелерді ұсынар алдында осы дәлелдемелермен байланысты өтірік айту мүмкіндігін шектеу және дәлелдеме ұсыну реттілігі жауап беруші үшін күтпеген жерден болуын көздеу қажет. Дәлелдеме ұсынудың едәуір ыңғайлы уақытын таңдау маңызды болып

табылады. Кейіннен дәлелдемелерді кенеттен ұсыну факторын пайдалану мүмкіндігі болу үшін тергеушінің қолында бар дәлелдемелерге қатысты жауап беруші белгілі бір уақыт аралығында білмегені өте маңызды. Шыншыл ақпаратты алу нәтижесіз болған жағдайда, тергеушінің қорында жеткілікті дәлелдемелер қалу керек. Тергеуші бір өзі ғана жауап алу тергеу әрекетін жүргізген уақытта, ол сұхбаттасу үшін іс материалдарын есте сақтау, жауап алынушы тұлғаның мінез – құлқын бақылау және зерделеу, сұрақтарды тұжырымдау, берген хабарды бағалау, оны кейіннен хаттама толтыру үшін есте сақтап қалу, таңдалған жауап алу хаттамасына түзетулер енгізу қажет.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде куәлар қатысқан жағдайда тергеушінің міндеті:

- жасалған қылмыстың дәлелдемесі ретінде айтылған мәліметтерді дәлелдемелер жиынтығымен қолданудың мүмкін еместігін көрсету;
- дәлелдемелерді талдау негізінде істің мән-жайына маңызды куәнің шынайы жаңылысуының себебі мен механизмін ашу;
- куәға қылмыстың нақты мән-жайы бойынша оның шынайы жаңылысқаны үшін оны белгілі бір заңды жауапқа тартпайтынын, құқықтарының шектелмейтінін немесе оған жүктелген міндеттерден босатылатындығын түсіндіру қажет;
- куәға жасалған қылмыстың нақты мән-жайлары есіне қайтадан түссе, ол өз басшылығымен өзіне ыңғайлы кез-келген уақытта тергеушіге қосымша көрсетпе беруге құқығы бар екенін және табылған материалдар мен құжаттарды табыс етуіне болатынын айту керек. Тергеушінің шақыруымен келген куәлардың көрсетпелерінің растылығына күмән туғанда:

а) куәнің жаңадан берген көрсетпесін, оларда қарама-қайшылық болмауы үшін, куәні жаман атты қылмау үшін және оның адал ниетіне күмән келтірмеу үшін бұрынғы көрсетпелерімен ылғи да салыстыру қажет;

б) айыптау актісі мен басқа да іс жүргізу құжаттарының дұрыстылығы мен оның көрсетпесінің растылығын негіздеу керек.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеуші жауап алуға одан қолхат ала отырып, тапсырылатын хабарлау қағазы арқылы шақыртады. Ал егер ол болмаса кәмелетке толған отбасы мүшелерінің, көршілерінің, жергілікті атқарушы орган өкілдерінің бірі арқылы немесе оның жұмыс, оқу орнының әкімшілігі арқылы тапсырылады. Кәмелетке толмаған куә оның ата-анасы немесе өзге заңды өкілдері арқылы шақыртылады. Тергеуші куәға оның құқықтарын түсіндіріп қана қоймай, алдын-ала тергеудің барлық сатысында олардың жүзеге асу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тесеруде тергеуші куәдан жауап алу кезінде куәнің психикасына қысым жасамай, оның мінез – құлық ерекшелігіне, психологиясына, жас ерекшелігіне назар аударып, мұқият болуы керек. Сонымен қатар, аталған бапқа сәйкес, бір іс бойынша шақырылған куәдан, жәбірленушіден басқа куәлардан бөлек жауап алынады. Тергеуші іс бойынша шақырылған куәлар жауап алу басталғанға дейін өзара сөйлеспейтіндей шаралар қолданады. Мылқау немесе саңырау куәдан жауап алу оның белгілерін

түсінетін және онымен белгілер арқылы сөйлесе алатын адамның қатысуымен жүзеге асырылады. Мұндай адамның жауап алуға қатысуы хаттамада көрсетіледі. Ал егер, жауап алынатын адамның психикалық немесе өзге де ауыр науқасы болғанда одан жауап алу дәрігердің рұқсатымен және оның қатысуымен жүзеге асырылады.

Он төрт жасқа дейінгі куәдан жауап алуға қатысу үшін педагог шақыртылады. Кәмелеттік жасқа толмаған куәдан жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы. Он алты жасқа дейінгі куәларға айғақ беруден бас тартқаны үшін және көрінеу жалған айғақ бергені үшін жауапкершілік туралы ескертілмейді. Мұндай куәларға іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттері түсіндірілген кезде оларға тек шындықты ғана айтудың қажет екені атап көрсетіледі. Кәмелетке толмаған куәға өзінің немесе жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде куәнің осындай құқықтарын атап кеткен жөн деп есептейміз:

- қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соқтыратын айғақтар беруден бас тартуға;

- өз бетінше немесе үшінші тұлғалар арқылы адвокат шақыртуға;

- жауап алу басталғанға дейін өзі таңдаған, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың қатысуымен айғақтар беруге;

- ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге;

- аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

- өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге;

- жауап алу хаттамасына өз айғақтарын өз қолымен жазуға;

- жедел-ізвестіру және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарын қоспағанда, осы баптың бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттармен танысуға;

- өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге, дәлелдемелерді ұсынуға;

- өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде сараптама жүргізу және қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге;

- қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;

- өзіне қарсы куә болғандармен беттесуге;

- анықтаушының, тергеушінің, прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге құқығы бар.

Қорғалуға құқығы бар куә: соттың, прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шақыруы бойынша келуге; тергеу әрекеттерін жүргізген кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті. Жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер. Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас олардың көзқарастарында қайшылықтың бар-жоғына байланысты орнығады. Егер жауап беріп отырған адам өз еркімен шындықты, істің мән-жайын толық айтып отырса мұндай пікір қайшылығы жоқ жағдай деп

есептеледі. Ал, егер жауап беріп, істің кейбір мән-жайларын жасырып, айтқысы келмей жалтарса мұндай жағдай келіспеушілік, яғни қайшылықты жағдай деп саналады.

Жауап алу кезінде нақты тактикалық жағдайларды сақтау арқылы нәтижелікке жетуге болады. Олардың негізгілеріне: жауап алу кезіндегі шапшандық, яғни жауап алуда заңға қайшы келмейтін тактикалық тәсілдерді пайдалану кезіндегі тергеушімен ынталықты өз қолына ұстап қалу; жауап алудағы мақсаттылық, яғни шынайлы мағлұмат алу үшін жауап алуды алдынала ойластырып жүргізу; жауап алудың объективтілігі және толымдылығы, яғни тергеушінің алынған көрсетулерді өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай-ақ жауап алынатын адамға өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай ақ жауап алатын адамға өз ойын жеткізуіне болмайды. Объективтіліктің кепілі ретінде жауап алынатын адамға жанама сұрақтар қоюға заңмен тыйым салынуы, ал толықтылық кепілі-мүмкіндік бойынша көрсетулерді ауызба ауыз байандау;

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қудан жауап алудың мақсатына жетудің қажетті шарты болып жауап алатын адаммен психологиялық байланыс орнату болып табылады: тергеуші қимылдарының шынайылығына жауап алынатын адамның көзін жеткізу, тергеушіге сыйластықпен қарауға иландыру; жауап алатын адамды көрсетуге, тергеушімен сұқбаттастыруға құмарландыру; жауап алатын аламның құқығын сақтауға және оның заңды мүдделерін қанағаттандыруда қамқорлық білдіру; жауап алу барысында шиеленісуге іскерлік жағдай туғызу және оны қолдау; жауап алу барысында әдептілік ұстамдылық және тіл мәдениетін сақтау; жауап алу барысында шиеленісу іскерлік жағдай туғызу және оны қолдау;

Тергеуші бір өзі ғана жауап алу тергеу әрекетін жүргізген уақытта, ол сұхбаттасу үшін іс материалдарын есте сақтау, жауап алынушы тұлғаның мінез – құлқын бақылау және зерделеу, сұрақтарды тұжырымдау, берген хабарды бағалау, оны кейіннен хаттама толтыру үшін есте сақтап қалу, таңдалған жауап алу тактикасының түзетулер енгізу қажет. Бір уақытта шешілетін міндеттер көп болғандықтан кейбір мәселелер тергеушінің назарынан ауып кетеді немесе ұмытылады. Сондықтан екінші тергеуші қатысқан жағдайда бұл қателіктерді, яғни жауап алынушының мінез – құлқын (ұсынылған дәлелдемелер, қойылған сұрақтарға қалай көңіл аударғанын) бақылаумен ғана емес, сонымен қатар жауап алушы тұлғаның (бір нәрсені дұрыс емес жасады ма, ұмытты ма) әрекетін бақылау арқылы жоюға болады. Жауап алу кезінде маманның қатысуының (бекіту кезінде техникалық көмек көрсетуден басқа жағдайларда) екі мақсаты бар: а) күрделі арнайы сұрақтарды анықтау үшін жәрдем беру; б) жауап берушінің айғақтарының дұрыс еместігін әшкерелеу арқылы тергеушінің адасуын болдыртпау. Сонымен қатар куә, жәбірленушінің айғақтар беруден бас тартқан кезде қолданылады.

Жауап алу кезінде жедел-іздістіру ақпарат көздерінен деректердің қандай жерлерде, қандай тәсілдермен, кімнің қатысуымен алынғанын мейлінше құпияландыру кейбір жағдайларда бұлардың қандай жолмен алынғанын жария етуге заңмен тыйым салынған. Егер, жауап алу күрделі жағдайда өтетін болса,

онда тергеуші ең маңызды сұрақтарды алдын-ала іріктеп құрастырып алғаны жөн, әсіресе, дайындалудың жедел-іздігі ақпараттарын пайдаланудың маңызы өте зор болады. Әйтпесе, сәтсіз қойылған сұрақ өзі жедел-іздігі ақпараттарының қайдан алынғанын айыпталушыға байқатып алуы әбден мүмкін. Сондай-ақ, осындай деректерді қай кезде, қалай пайдалану қажеттігін де ескеру керек. Жедел-іздігі деректеріне қатысты сұрақтар, жедел-іздігі деректерінің құпиясы берік сақталған жағдайда ғана қойылуы тиіс. Заң әдебиеттерінде бұрыннан тактикалық әдістерді жіктемеуші болып келді. Бұл үшін авторлар олардың мәндік сан-алуан негіздерін және тактикалық әдістерді тағайындауды, сонымен бірге онда маңыздырақ болған аспектіні бөліп көрсетуді қолданды.

Жасалған қылмыс оқиғасын көрген куәге жауап алу барысында қойылатын сұрақтар:

- тонау мен қарақшылық қандай жағдайда болды;
- тонау мен қарақшылықты кім жасады немесе ол адам туралы мәліметтер мен ерекше белгілері;
- қылмыскер қаннай транспорт құралдарын пайдаланды, қай жаққа қарай бет алды, бағыты;
- қылмыскер қылмыс жасау барысында қандай қаруды немесе басқа да қару ретінде заттарды пайдаланды;
- қылмыскер оқиға болған жерден қандай заттарды алып кетті немесе қылмыскер оқиға болған жерде қандай заттарын тастап қалдырып, кетті;
- қылмыс жасау барысында немесе қылмыс жасағаннан кейінгі жәбірленушінің мінез құлқы қандай болды;
- қылмыс жасау барысында куәгер қай жерде болды;
- куә қандай себептермен және қандай жағдайлармен қылмыс болған жерде болған;
- куә жәбірленушімен немесе қылмыскерлер мен таныспа;
- осы қылмысты басқа адам көруі мүмкін бе.
- мәселелерге байланысты басқа да сұрақтар қойылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде қылмыстық істің дұрыс шешілуі кәнің айғақтарымен, заттай дәлелдемелермен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталған іс жүзіндегі деректерге ғана негізделуі тиіс. Олар жедел-іздігі қызметі, сотқа дейінгі тергеп-тексеру бірінғай тізілімге тіркелген материалдарды тексеру, іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу мен басты сот талқылауы барысында алынуы мүмкін. Куәнің айғақтарын бағалау оларды істің мән-жайын нанымды бейнелейтін фактілер туралы айқын мәліметтерді анықтау мақсатында талдауды білдіреді.

Жауап алу тергеу әрекетін жүргізу барысында көрсетпелерге сенімсіздік білдіруге болмайды. Егер еркін баяндау барысында жауап алынушы жауап алу пәнінен ауытқыса, тергеуші қойылған сұрақтардың мәні бойынша көрсетпелер беру қажеттілігі туралы ескертуі керек. Егер жауап алынушы тергеу үшін қажетті барлық мәліметтерді айтпаса немесе берген мәліметтерді қылмыстық іс материалдарына сәйкес келмесе, жауап алу сұрақтар қою сатысына ауысады. Жауап алудың бұл сатысында жауап алынушы көрсетпе беруге ниетін

тудыратын әр түрлі тактикалық тәсілдерді қолдануы мүмкін. Жауап алынушы қандай да бір фактілерді есіне түсіре алмай жатса, тергеуші жауап алынушының бұрын қабылдаған оқиғаларды есіне түсіру мақсатында ассоциативтік байланыстарды оятуға бағытталған сұрақтарды қоюы мүмкін. Егер жауап алынушы қандай да бір себептерге байланысты дұрыс емес мәліметтер берді деуге негіз болса, тергеуші оны жауап алынушы беріп отырған көрсетпелеріндегі фактілер мен оқиғаларды қабылдау жағдайын анықтауға, сонымен қатар, берілген мәліметтердің қайнар көзін анықтауға бағытталған сұрақтар қоюмен тексереді. Тактикалық тәсілдердің мазмұны жауап алынушының процессуалдық жағдайына, оның тұлғасының ерекшеліктеріне, жауап алынушының көрсетпелер беруде ниетінің болуына немесе болмауына (конфликтілік, конфликтілік емес және жауап алудың аралас жағдайы) және т.б. факторларға байланысты қалыптасады. Жауап алудың келесі сатысы - алынған барлық көрсетпелердің нәтижесін бекіту.

Жауап алу кезіндегі шапшандық, яғни жауап алуда заңға қайшы келмейтін тактикалық тәсілдерді пайдалану кезіндегі тергеушімен ынталықты өз қолына ұстап қалу; жауап алудағы мақсаттылық, яғни шынайлы мағлұмат алу үшін жауап алуды алдын-ала ойластырып жүргізу; Жауап алудың объективтілігі және толымдылығы, яғни тергеушінің алынған көрсетулерді өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай-ақ жауап алынатын адамға өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай ақ жауап алатын адамға өз ойын жеткізуіне болмайды. Объективтіліктің келілі ретінде жауап алынатын адамға жөн сілтеуші сұрақтар қоюға заңмен тыйым салынуы, ал толықтылық кепілі- мүмкіндік бойынша көрсетулерді ауызба ауыз байандау; Жауап алудың мақсатына жетудің қажетті шарты болып жауап алатын адаммен психологиялық байланыс орнату болып табылады. Тергеуші қимылдарының шынайылығына жауап алынатын адамның көзін жеткізу, тергеушіге сыйластықпен қарауға иландыру; Жауап алатын адамды көрсетуге, тергеушімен сұқбаттастыруға құмарландыру; жауап алатын адамның құқығын сақтауға және оның заңды мүдделерін қанағаттандыруда қамқорлық білдіру; жауап алу барысында шиеленісуге іскерлік жағдай туғызу және оны қолдау; жауап алу барысында әдептілік ұстамдылық және тіл мәдениетін сақтау; жауап алу барысында шиеленісушіліксіз іскерлік жағдай туғызу және оны қолдау;

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде куә жалған жауап беріп отырып әшкерлеудің тактикалық тәсілдерін үш топқа бөлуге болады. Сезімге әсер ету тәсілдері: теріс көзқарас алап отырғандығына, оның жат қылықтық сипаты бар екендігіне көз жеткізу; жалған айғақ беруден пайда болатын құқықтық зардап және жауап алатын адамға жақын тұлғаларға тиетін зиянды түсіндіру; жауап алынатын адамның жақсы жақтарға әсер етуі. Куә дәлелді себептерсіз шақыру бойынша келмеген жағдайда анықтаушының, тергеушінің, соттың дәлелді қаулысы бойынша алып келуге ұшыратылуы мүмкін. Бірақ, куәні мәжбүрлі түрде алып келу туралы қаулыны шығармас бұрын тергеуші оның келмеу себептерін алдын-ала тексеру керек және оның шынымен келмей қалуына

дәлелді себептер болса, ондай жағдайда оның жауап алуды басқа күнге ауыстыру туралы өтінішін қанағаттандырусыз қалдырмауы тиіс.

Егер адам қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда және хабарда оны жасаған адам ретінде көрсетілсе не қылмыстық процеске қатысатын куә оған қарсы айғақ берсе, бірақ мұндай адамға процестік ұстап алу қолданылмаса не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылмаса, онда ол қорғалуға құқығы бар куә мәртебесін алады. Жасалған қарсы қылмыстарға байланысты жауап алынатын тұлғаның жеке басын зерттеу үшін әңгімелесу процессуалдық жағынан және мақсаты бойынша бір бірінен өзгешеленеді. Жауап алу процесінің сипаты шектеулі болғанымен оның барысында әңгімелесу қолданылады. Жауап алу аяқталған соң тергеуші жауап берушіні хаттамаға түсірілген жауабымен және бейне немесе дыбыс жазба жүргізілген болса, онда таспаға жазылған жауабын көрсету не естірту арқылы таныстырады. Жауап алу кезінде қандай аппаратура қолданылса да, хаттама толтыру міндетті. Танысу кезінде жауап беруші хаттамаға толықтырулар лымен жазғанын немесе өз сөзінен дұрыс жазылғандығын растап қол қояды.

Қазақстан Республикасының ҚПК 211-б. қосымша және қайталап жауап алу қарастырылған.

Қосымша және қайталап жауап алу ҚР ҚПК 210-бабында көзделген қағидалар сақтала отырып жүргізіледі.

Қосымша жауап алу мынадай:

1) жауап алынған адам тергелетін істің мән-жайлары бойынша бұрын берген айғақтарын олардың жеткілікті түрде анық немесе толық болмауына қарай нақтылауға немесе толықтыруға ниет білдірген;

2) бұрын жауап алынған адамға іс үшін елеулі жаңа сұрақтар туындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Қайталап жауап алу мынадай:

1) бастапқы жауап алуды жүргізудің процестік нормалары елеулі түрде бұзылған;

2) жауап алынған адам бұрын берген айғақтарынан бас тартқан және жаңа айғақтар беруге ниет білдірген жағдайларда жүзеге асырылады.

ҚР ҚПК 212-бап. Жауап алу хаттамасы көрсетілген.

Жауап алудың барысы мен нәтижелері ҚР ҚПК 199-б. талаптары сақтала отырып жасалатын хаттамада көрсетіледі. Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады. Сұрақтар мен олардың жауаптары жауап алу кезіндегі реті бойынша жазылады. Хаттамада жауап алуға қатысқан адамдардың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қабылдамаған немесе жауап алынып отырған адам жауап беруден бас тартқан сұрақтары да, оларды қабылдамаудың немесе олардан бас тартудың уәждері көрсетіле отырып, қамтылуға тиіс.

Бірінші жауап алу хаттамасында жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректер, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған уақыты мен жері, азаматтығы, ұлты, білімі; отбасылық жағдайы, жұмыс орны, қызмет түрі немесе лауазымы, тұрғылықты жері, сондай-ақ ҚР ҚПК 199-

бабы төртінші бөлігінің қағидаларына сәйкес істің мән-жайлары бойынша қажет болуы мүмкін басқа да мәліметтер көрсетіледі.

Кейінгі жауап алулар кезінде жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректерді, егер олар өзгермеген болса, оның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсетумен шектелуге болады.

Күдіктіден жауап алу хаттамасында бұрын сотталғандығының бар-жоғы көрсетіледі. Жауап алынып отырған адам схемалар, сызбалар, суреттер, диаграммалар жасай алады, олар хаттамаға қоса тіркеліп, онда бұл туралы белгі жасалады. Хаттамада жауап алуға қатысқан барлық адамдар көрсетіледі. Олардың әрқайсысы хаттамаға, сондай-ақ оған жасалған барлық толықтырулар мен нақтылауларға қол қоюға тиіс. Еркін баяндаудан кейін жауап алынып отырған адам өз айғақтарын өз қолымен жазуға құқылы. Жауап алынып отырған адам айғақтарын өз қолымен жазғаннан және оларға қол қойғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам толықтырушы және нақтылаушы сұрақтар қоюы мүмкін.

Жауап алу аяқталғаннан кейін хаттама оқып шығу үшін жауап алынып отырған адамға ұсынылады не оның өтінуі бойынша жарияланады. Жауап алынып отырған адамның хаттамаға толықтыру мен нақтылау енгізу талабы міндетті түрде орындалуға тиіс. Айғақтармен танысу фактісін және олардың жазылуының дұрыстығын жауап алынып отырған адам хаттаманың соңында өз қолын қою арқылы куәландырады. Жауап алынып отырған адам сонымен қатар хаттаманың әрбір бетіне де қол қояды. Жауап алынып отырған адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бас тарту себептерін анықтайды, оларды хаттамаға енгізеді және хаттаманы өзінің қолымен куәландырады.

Егер жауап алынып отырған адам дене бітімінің кемістігінен немесе өзге де себептердің салдарынан хаттамаға өзі қол қою мүмкіндігінен айырылса, оның өтінуі бойынша хаттамаға қорғаушы, жауап алынып отырған адам сенетін өкіл немесе өзге адам қол қояды, бұл туралы хаттамада белгі жасалады. Егер жауап алуға аудармашы не сурдоаударма дағдыларын меңгерген адам қатысса, онда олар да хаттаманың әрбір бетіне және тұтас хаттамаға қол қояды. Олар жауап алынатын адамның өз қолымен жазған айғақтарының аудармасына да қол қояды. Қазақстан Республикасының ҚПК 213-б. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері көрсетілген. Жәбірленушіден, куәдан жауап алу оны олар аумағында болған не тұратын ауданның не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына шақыру арқылы ғылыми-техникалық құралдар пайдаланыла отырып, бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу) жүргізілуі мүмкін. Қашықтықтан жауап алу барысында процестік әрекетке қатысушылар жауап алынып жатқан адамның айғақтарын тікелей трансляциядан тікелей қабылдайды.

Қашықтықтан жауап алу:

1) адамның денсаулық жағдайы немесе басқа да дәлелді себептер бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеру (қарау) жеріндегі қылмыстық процесті жүргізетін органға тікелей келуі мүмкін болмайтын;

2) адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болатын;

3) жас немесе кәмелетке толмаған куәдан, жәбірленушіден жауап алу жүргізілген;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің сақталуын, істің сотта қаралуын қамтамасыз ету үшін қажет болған;

5) жауап алу қиын немесе артық шығындармен байланысты болады деп пайымдауға негіз беретін себептер болған жағдайларда жүргізіледі.

Қашықтықтан жауап алуды жүргізу туралы шешімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өз бастамасымен немесе тараптың немесе қылмыстық процеске басқа да қатысушылардың өтінішхаты бойынша немесе прокурордың нұсқауы бойынша осы Кодекстің 188-бабында көзделген тәртіппен тапсырма жібере отырып, қабылдайды.

Қашықтықтан жауап алған кезде ғылыми-техникалық құралдар мен технологияларды пайдалану бейне мен дыбыстың тиісті сапасын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

Бейнебайланыс режимінде жүргізілген тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері осы Кодекстің 199-бабының талаптарына сәйкес тапсырманы орындайтын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жасайтын хаттамада көрсетіледі. Қашықтықтан жауап алу хаттамасында көмегі арқылы тергеу әрекеті жүргізілетін ғылыми-техникалық бейнежазба құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жауап алынатын адамның хаттамаға толықтырулар мен нақтылаулар енгізу туралы талаптары міндетті түрде орындалуға жатады.

Хаттама оған қол қойылғаннан кейін істі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында адамнан оның өтінішхаты бойынша оны тануды болдырмайтын сыртқы келбеті мен дауысы өзгертіле отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алынуы мүмкін.

ҚР ҚПК 214-б. Куәдан және жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері көрсетілген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында куәнің, жәбірленушінің күдіктіге қандай қатысы бар екенін анықтайды, оларға процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, айғақтар беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді. Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәнің, жәбірленушінің өзінің, жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін, сондай-ақ ал діни қызметшінің тәубеге келу үстінде өзіне сырын ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқылы екенін түсіндіруге міндетті. Бұл құқықты пайдаланбаған куәге, жәбірленушіге олардың көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі.

Егер куә жауап алуға заң көмегін көрсету үшін шақырылған адвокатпен бірге келсе, онда адвокат жауап алу кезінде қатысады. Жауап алу аяқталғаннан кейін адвокат жауап алудың мәні бойынша ескертулер беруге және жауап алу хаттамасына енгізілуге тиіс өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

ҚР ҚПК 215-б. кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктері қарастырылған.

Он төрт жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қалауы бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог және (немесе) психолог шақырылады. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы.

Он алты жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге олардың айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығы туралы ескертілмейді. Мұндай куәлар мен жәбірленушілерге процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіру кезінде оларға тек қана шындықты айту қажеттігі көрсетіледі. Кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіге оның өзінің немесе жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі. ҚР ҚПК 214-бап. Куәдан және жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері қарастырылған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында куәнің, жәбірленушінің күдіктіге қандай қатысы бар екенін анықтайды, оларға процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, айғақтар беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді. Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәнің, жәбірленушінің өзінің, жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін, сондай-ақ ал діни қызметшінің тәубеге келу үстінде өзіне сырын ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқылы екенін түсіндіруге міндетті. Бұл құқықты пайдаланбаған куәге, жәбірленушіге олардың көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі.

Егер куә жауап алуға заң көмегін көрсету үшін шақырылған адвокатпен бірге келсе, онда адвокат жауап алу кезінде қатысады. Жауап алу аяқталғаннан кейін адвокат жауап алудың мәні бойынша ескертулер беруге және жауап алу хаттамасына енгізілуге тиіс өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

Қалған жағдайда куә мен жәбірленушіден жауап алу 210-бабының қағидалары бойынша жүргізіледі.

214-1-бап. Қорғалуға құқығы бар куәдан жауап алу ерекшеліктері

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алуды бастаудың алдында қорғалуға құқығы бар куәға қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамды көрсететін қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың не куәлік айғақтардың мәнін хабарлайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сондай-ақ қорғалуға құқығы

бар куәға оның айғақтар беруден бас тарту құқығын қоса алғанда, 65-1-бабының екінші бөлігінде көзделген құқықтарын түсіндіреді.

Қалған жағында қорғалуға құқығы бар куәдан жауап алу осы Кодекстің 210-бабының қағидалары бойынша жүргізіледі.

215-бап. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктері

1. Он төрт жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қалауы бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог және (немесе) психолог шақырылады. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы.

Он алты жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге олардың айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығы туралы ескертілмейді. Мұндай куәлар мен жәбірленушілерге процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіру кезінде оларға тек қана шындықты айту қажеттігі көрсетіледі. Кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіге оның өзінің немесе жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардан жауап алу кезінде қатысып отырғандарға жауап алынып отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы, хаттамаға енгізілуге тиіс ескертулер жасау, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның рұқсатымен жауап алынып отырған адамға сұрақ қою құқығы түсіндіріледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қойылған сұрақты қабылдамауға құқылы, бірақ оны хаттамаға енгізуге және қабылдамаудың себебін көрсетуге тиіс.

216-бап. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алудың алдында күдіктіге оның қандай қылмыстық жазаланатын әрекетті жасады деп күдік келтіріліп отырғанын хабарлайды, сондай-ақ оған айғақтар беруден бас тарту құқығын қоса алғанда, осы Кодекстің 64-бабында көзделген құқықтарды түсіндіреді.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге оған келтірілген күдіктің мәнін түсіндіре отырып, күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауда өзін толық немесе ішінара кінәлі деп мойындайтынын не өз кінәсін мойындамайтынын анықтайды.

Күдіктінің жауап беруден бас тартуы оның өз кінәсін мойындамауы ретінде бағаланады.

3. Жауап алу күдіктіге келтірген күдік жөнінде және іс үшін маңызы болуы мүмкін барлық басқа мән-жайлар бойынша айғақтар беруін ұсынудан басталады.

217-бап. Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою)

1. Прокурор, тергеуші, анықтау органының бастығы, күдікті немесе оның іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокаты, сондай-ақ жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокат, егер жәбірленуші, куә болып табылатын адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеру не сот отырысы барысында неғұрлым кешірек жауап алу объективті себептерге (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұруы, шетелге шығуы, денсаулығының ауыр жағдайы, қауіпсіздік шараларын қолдану) байланысты мүмкін болмауы ықтимал деп пайымдауға негіз болған жағдайда, сондай-ақ психикасын жарақаттаушы әсер етуді болдырмау үшін кәмелетке толмаған куәлар мен жәбірленушілерден кейіннен жауап алуды болдырмау мақсатында тергеу судьясының олардан жауап алуы туралы өтінішхат беруге құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жолданымға қылмыстық істің жәбірленушінің, куәнің айғақтарын сақтауға қою қажеттігін растайтын материалдарын қоса береді.

2. Тергеу судьясы өтінішхатты алынған кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде қарайды және оның нәтижелері бойынша өтінішхатты қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда, тергеу судьясы алғаш мүмкіндік болған кезде жауап алу уақытын тағайындайды, бұл туралы прокурорға, күдіктіге және оның іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатына, сондай-ақ жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокатқа хабарланады. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысына 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалады және осы қаулы прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралады. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуы айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхатты сотқа жіберу үшін негіздердің бар екенін көрсететін мән-жайлар туындаған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың қайтадан жүгінуіне кедергі болмайды. Кәмелетке толмағандардың айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат міндетті түрде қанағаттандыруға жатады.

3. Тергеу судьясының жәбірленуші мен куәдан жауап алуы прокурордың, күдіктінің (ол болған жағдайда), қорғаушы ретінде қатысатын оның адвокатының, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың, ал қажет болған жағдайларда процеске басқа да қатысушылардың қатысуымен жүргізіледі. Егер күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куәнің қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, күдікті жауап алуға шақырылмайды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде адамдардың сот отырысына қатысу үшін келуін қамтамасыз ету тергеу судьясына өтініш мәлімдеген адамдарға жүктеледі. Күдіктінің қорғаушысы адамды шақыру үшін тергеу судьясына адамның жауап алуға келуін қамтамасыз етуге көмек көрсету туралы өтініш мәлімдеуі мүмкін.

Прокурордың, қорғаушының, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың, күдіктінің дәлелді себептер бойынша келмей қалуына байланысты жауап алуды жүргізу, егер осы баптың бірінші бөлігінің бірінші

абзацында санамаланған мән-жайлар бұған кедергі келтірмесе, кейінге қалдырылуы мүмкін.

4. Тергеу судьясының жауап алуы мен жауап алу хаттамасын жүргізуі 347, 369, 370, 371-баптарының қағидалары сақтала отырып жүргізіледі.

5. Жауап алынатын адамның тергеу судьясы сақтауға қойған айғақтары тіркелген сот отырысының хаттамасына судья мен сот отырысының хатшысы қол қояды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде болған процеске қатысушылар сот отырысы хаттамасының көшірмесін алуға және оған қол қойылғаннан кейін бес тәулік ішінде өз ескертулерін келтіруге құқылы. Тергеу судьясы хаттамаға ескертулерді келіп түскен күні қарап, олардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы қаулы шығарады. Содан соң сот отырысының хаттамасы, егер хаттамаға ескертулер келтірілген болса, осы ескертулер және судьяның оларды қарау туралы қаулысы қылмыстық іс материалдарына қосып тігу үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі.

Біршама өзгеше аспектімен байланысты шетелдік заңнамалық тәжірибе назар аударуға тұрарлық. Атап айтқанда, АҚШ-тың федералды қылмыстық іс жүргізу ережелерінің 15 (с) (3) ережесі айыпталушы болмаған кезде жүзеге асырылатын АҚШ аумағынан тыс куәгердің айғақтарын сақтауды реттейді. Егер нақты істің мән-жайлары бойынша сот мыналарды анықтаса жүргізіледі:

1) ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мақсатында куәның айғақтары істің нақты мән-жайларын анықтау үшін маңызды дәлел болып саналуы мүмкін;

2) куәгердің сот талқылауына қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болмайтын үлкен мүмкіндік бар;

3) АҚШ-та жүзеге асырылатын депозитке салу кезінде куәгердің болуы мүмкін емес;

4) айыпталушы басқа елдегі куәдан жауап алуға қатыса алмайды, өйткені куәгер орналасқан ел айыпталушыға депозитке қатысуға рұқсат бермейді;

5) ақылға қонымды құралдарды қолдану арқылы айыпталушы басқа елдегі куәгердің айғақтарын сақтау процесіне қатыса алады.

Қауіпсіздік шараларын қолдану үшін жәбірленуші мен куәгердің қорқыныштары мен болжамдарына негізге жатпайды, тек нақты зорлық-зомбылық күші негізі болу керек. Қылмысты қудалау органдары, тергеу судьясы айғақтарды сақтап қою туралы өз шешімін қауіптің шынайылығына, оның өзге шаралармен алдын алу мүмкін естігіне негіздеуге міндетті (мысалы, бұлтартпау шарасын тағайындау немесе өзгерту, процестік мәжбүрлеудің өзге де шаралары - жақындауға тыйым салу және т.б.)

Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі 97-бабының және 217-бабының үшінші бөлігі анонимді айғақтардың сенімділігіне жеткілікті пәрменді іс жүргізу кепілдіктерін қамтитыны сөзсіз. Біздің ұлттық тергеу және сот практикамыздың ерекшеліктеріне сүйене отырып, оларды айыптау тарапының анонимді айғақтарды сақтап қою - куәгерлеріне қауіпсіздік шараларын қолдану кезінде күшейту орынды. Әрине, көптеген жағдайларда олар күдіктінің, айыпталушының, сотталушының және олардың айналасындағылардың жазасы мен қарсылығынан.

Сонымен бірге, дәл осы салада қылмыстық қудалау органдары осындай негізі деген сылтаумен ең көп теріс пайдалануға жол береді деп болжауға батылым бар. Қылмыстық істер бойынша, әдетте есірткі сату туралы, құқық қорғау органдарына тәуелді және есірткіге тәуелді адамдарды айыптаудың негізгі куәгерлері ретінде тартылғаннан кейін қолданылады [5]. Мұндай теріс тәжірибе Еуропалық Одақта кең таралған. Оны қылмыстық іс бойынша анонимді куәгерлердің әдеттегі жағдайы айқын көрсетеді " Doorson v. the Netherlands "(1996 жылғы 26 наурыздағы қаулы) [6].

Өкінішке орай, кәмелетке толмаған жәбірленушілер мен куәгерлерге психологиялық әсерді болдырмау үшін негіздер әлі егжей-тегжейлі емес. Бұл тұрғыда, ең алдымен, жыныстық қол сұғылмаушылық саласындағы қылмыстық істер бойынша кәмелетке толмаған жәбірленушілердің айғақтары туралы айтылады.

Сонымен қатар, Қазақстандық заң шығарушыға Эстонияның тәжірибесі пайдалы болуы мүмкін. Осы мемлекеттің ҚПК 691, 70 (2) - баптарына сәйкес кәмелетке толмағандардың жәбірленушілер мен куәгерлердің айғақтарын сақтап қоюға мынадай арнайы шарттары көзделген:

1) куә он жасқа толмаған және қайта жауап алу кәмелетке толмаған адамның психикасына зиянды әсер етуі мүмкін;

2) куә он төрт жасқа толмаған, ал жауап алу отбасылық зорлық-зомбылықпен немесе дұрыс емес жыныстық қатынаспен байланысты;

3) куәгердің сөйлеу немесе сенсорлық бұзылысы, психикалық кемістігі бар немесе психикалық бұзылудан зардап шегеді (жүйке жүйесінің айқын ауруы бар).

Сонымен бірге, шетелдік құқық қолдану практикасы сотта айыптау жас жәбірленушінің айғақтарды сақтап қоюн айғақтарына емес, оның сөздерінен куәгерлердің "туынды" айғақтарына негізделген кезде тергеу және сот қателіктеріне жол береді.

Жәбірленуші мен куәнің айғақтарын депозитке салудың қазақстандық негіздерін кеңейту өзекті болып отыр. Осыған байланысты Эстония ҚПК-нің 691-бабының нормасын ақылға қонымды қабылдау:

- шектеулі материалдық-құқықтық негізі - жаза ретінде кемінде үш жылға бас бостандығынан айыру көзделетін қасақана жасалған қылмыс;

- сотқа дейінгі тергеу немесе сот отырысы барысында жауап алудың мүмкін себебі объективті себептерінен басқа айғақтарды сақтап қою. Қылмыстық-процестік негізі - адам жалған айғақтар беруге мәжбүр етуі мүмкін деген қорқыныш.

ҚР ҚПК - нің 217 - бабында баяндалған және Қамтылған депозитке салудың жалпы негіздемесімен қатар-сотқа дейінгі тергеу немесе сот отырысы барысында жәбірленушіден және куәдан кейінгі жауап алудың мүмкін естігі-бізге оны жауап алудың қиындау жағдайымен толықтыру орынды болып көрінеді.

Жоғарыда айтылғандар ҚР ҚПК 217-бабының бірінші бөлігінің нақтыланған редакциясын құрастыруға мүмкіндік береді:

1. Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңда екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана қылмыс жасады деген күдіктіге қатысты жүзеге асырылса және тергеу судьясының жәбірленуші, куә болып табылатын адамнан жауап алу туралы өтінішхат беруге құқылы сену, олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру не сот отырысы барысында одан кейінгі жауап алуы объективті себептерге байланысты (Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұру, шетелге шығу, денсаулығының ауыр жағдайы, қауіпсіздік шараларын қолдану), сондай-ақ жәбірленуші мен куә жалған айғақтар беруге мәжбүрленуі мүмкін деген қорыққандықтан мүмкін емес не қиын болуы мүмкін. Кәмелетке толмаған куәгерлер мен жәбірленушілерден оларға психотравматикалық әсер етуді болдырмау үшін жүргізіледі.

Тергеу судьясының жәбірленуші мен куәның айғақтарын Қазақстанда депозитке салудың белгіленген тәртібі олардың дұрыстығына және жол берілуіне, қылмыстық істі айғақтарды сақтап қою болмаған кезде бірінші сатыдағы соттың оларды объективті бағалауына кепілдік береді.

Тергеу судьясының айғақтарды сақтап қою және оның айғақтарын хаттамалау баптарда көзделген басты сот талқылауының қағидаларын сақтай отырып жүргізілетіні кездейсоқ емес:

- ҚР ҚПК-сот отырысы хатшысының бас сот талқылауын хаттама толтыру үшін көзделген жалпы қағидалар бойынша жәбірленуші мен куәның айғақтарын хаттамаға жазылады.

Тергеу судьясы жауап алынған адамның айғақтарын сақтап қою тіркейтін сот отырысының хаттамасына тергеу судьясы мен сот отырысының хатшысы қол қояды. Айғақтарды сақтау кезінде қатысқан процеске қатысушылар сот отырысы хаттамасының көшірмесін алуға, оған қол қойылғаннан кейін бес тәулік ішінде өз ескертулерін әкелуге құқылы. Хаттамаға ескертулерді тергеу судьясы келіп түскен күні оларды қабылдау немесе қабылдамау туралы қаулы шығара отырып қарайды. Осыдан кейін сот отырысының хаттамасы, егер олар әкелінген болса, оған ескертулер және судьяның оларды қарау туралы қаулысы қылмыстық іс материалдарына қосу үшін прокурорға жіберіледі.

- Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 369 және 370 – баптарына сәйкес жәбірленуші мен куәдан айғақтарды сақтап қою жауап алуды тараптардың жарыссөзі мен тең құқықтылығы жағдайында, жауап алу мүмкіндігі болған кезде тергеу судьясы мен тараптары: прокурор, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері, күдікті, оның адвокат-қорғаушысы, сондай-ақ тіркеудің ғылыми-техникалық құралдарын қолдана отырып, жария түрде;

- Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 371- бабына сәйкес кәмелетке толмаған (жәбірленуші мен куәдан) олардың заңды өкілдері мен педагогтың қатысуымен жауап алу жүргізеді.

Бұдан басқа, сот тергеуін жүргізу тәртібі туралы ҚІЖК нормалары соттың сотқа дейінгі тергеу сатысында тергеу судьясы депозитке салған жәбірленуші мен куәның айғақтарын пайдалану мүмкіндігін тікелей көрсетеді:

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 366-бабының төртінші бөлігі, егер олардың айғақтарын Қазақстан Республикасының

қылмыстық-процестік кодексі 217-бабында көзделген тәртіппен тергеу судьясы депозитке салған жағдайда куә мен жәбірленушіні сотта шақыру және жауап алу жүргізілмейді.

- Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 371-бабының бесінші бөлігі, егер сотқа дейінгі іс жүргізу барысында олардың айғақтарын тергеу судьясы депозитке салса, сот отырысына шақыру және кәмелетке толмаған жәбірленушілер мен куәгерлерден жауап алу жүргізілмейді.

- Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 372-бабы бірінші бөлігінің 3) тармағы-бас сот талқылауында жәбірленушінің және куәның іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде берген айғақтарын, сондай-ақ олардың жауап алуының бейнежазбасын және кинотүсірілімін тергеу судьясы депозитке салған кезде жария етуге жол беріледі.

Дәлелдемелерді еркін бағалау ережесін, заң мен ар-ожданын басшылыққа ала отырып (ҚР ҚПК 25, 125-баптары), бас сот талқылауында қылмыстық істі мәні бойынша қарайтын судья оны шешкен кезде сот тергеуінде қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша дәлелдемелерді дұрыс немесе анық емес, жол берілетін немесе жол берілмейтін деп дәлелді түрде тануға құқылы, тергеу судьясы жәбірленуші мен куәның айғақтары нысанында алған. Бұл жағдайда жалпы ереже қолданылады-ешқандай дәлелдемелер алдын-ала белгіленген күшке ие емес.

Қажет болған жағдайда қылмыстық істі мәні бойынша қарайтын бірінші сатыдағы судья (Сот) сот тергеуінде айғақтарды сақтап қоюға жауап алу - куәдан және жәбірленушіден ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып, оларды сотқа не онлайн режимде орналасқан жері бойынша қашықтықтан шақыра отырып, қайта жауап алуға құқылы. Қайта жауап алудың негіздері елеулі қайшылықтарды нақтылау, бұрын айғақтарды сақтап қоюға елеулі толқылықтардың орнын толтыру, дәлелдемелердің дұрыстығы мен жол берілуі кепілдіктерінің жол берілген бұзушылықтары қажеттігі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда судья (сот) айғақтарды негізгі сот талқылауында алынғандармен салыстыру үшін сотта жариялау құқығын да пайдалана алады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес тергеу судьясының жауап алу нысаны сотқа дейінгі іс жүргізудің: сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы және айыпталушыны прокурордың сотқа беруі сатыларында ғана мүмкін болады.

Айғақтарды сақтап қою заң шығарушы дәлелдемелер көздерінің екі түріне - жәбірленушінің айғақтарына және куәның айғақтарына ғана қатысты жол береді. Айғақтарды бекітудің әртүрлі нысандарына байланысты сұрақ заңды: бұл әрекеттің мәні жауап алуда көрсетілген адамдар хабарлаған айғақтар ма, әлде бұл жәбірленуші мен куәның айғақтарын тіркеуге бағытталған басқа да іргелес тергеу әрекеттері кезіндегі айғақтар болуы мүмкін.

Заң шығарушы редакцияда Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне 217-бабының атауын "тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері" және "айғақтарды сақтап қою" "Айғақтарды сақтау"терминін кеңейту қажеттілігін талап етеді. Біздің ойымызша, тергеу

судьясының жәбірленуші мен куәдан жауап алуынан басқа, ол олардың айғақтарын сол жерде тексеру және нақтылау, тану үшін ұсыну кезінде олардың беттестестру кезінде қамтуы мүмкін. Тергеу судьясы ауқымды жауап алу бірыңғай мәні жәбірленуші мен куәгердің аталған тергеу әрекеттерін жүргізу барысында хабарлаған айғақтары болып табылады.

Процестерді жалпыға бірдей цифрландыру жағдайында құқық қорғау қызметінде, атап айтқанда сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында трансформация жүріп жатыр.

Жаһандық түрлендірулер Қазақстан Республикасын да айналып өте алмады. Біздің мемлекетіміз құқық қорғау органдарының жұмысына инновациялық технологияларды енгізуге көп көңіл бөлуде. Жүйеде шешім қабылдаудың тиімділігі мен жеделдігін арттыру, атқарушы биліктің қызметін шамадан тыс заңнамалық регламенттеуді алып тастау, құжат айналымы мен есеп беруді қысқарту мақсаттарын көздейтін дебюрократизация процесі іске қосылды.

Қазақстан Республикасы ІІМ сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының тікелей қызметіне қатысты дебюрократизация келесі қағидаттарды анықтайды:

- цифрландыру – мемлекеттік органдардың цифрлық форматта азаматтармен, бизнеспен және өзара жан-жақты өзара іс-қимылының басымдығы;
- үздіксіз жетілдіру – бюрократияны қысқартуды, жүйелі реинжинирингті және ішкі процедуралар мен процестерді оңтайландыруды ынталандыратын мемлекеттік аппараттың ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастыру және қолдау¹.

Қазақстан Республикасы ІІМ сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметінде цифрландыру элементтері арқылы дебюрократизация жүйедегі барлық процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді (сотқа дейінгі тергеп-тексерудің электрондық форматы, бейне-конференц-байланысты қолдану, қаш ықтықтан тергеу әрекеттерін жүргізу). Осыған байланысты жекелеген тергеу әрекеттерінің бейнеформатын енгізу де орынды болып табылады.

Сонымен, 2023 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 199-бабының 3-бөлігіне келесідей толықтыру енгізіледі: *«Тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері дыбыс-, бейнежазба құралдарының көмегімен толық тіркелген жағдайда, тергеу әрекетін жүргізетін адам алынған нақты деректерді және іс үшін маңызы бар анықталған мән-жайларды қысқаша баяндаумен шектелуге құқылы».*

Аталған формат тергеу мерзімдерін, қылмыстық-процестік процедураларын едәуір оңтайландыруға мүмкіндік береді, бюрократиялық әуре-сарсанды болдырмауға, сот төрелігін іске асыруға қолжетімділік қағидатының маңыздылығын кеңейтуге, қылмыстық істерді тергеу шеңберінде ашықтықты қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша

¹ О мерах по дебюрократизации деятельности государственного аппарата [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200000872>

азайтуға, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың қорғалуының қажетті деңгейін, сотқа дейінгі тергеуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі дыбыс-, бейнежазбалар өндірісінің ерекшеліктері

Тергеу әрекетінің бейнеформаты деп тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелерін дыбыс, бейнежазба құралдарының көмегімен қағаз хаттамада егжей-тегжейлі сипаттауды қажет етпей толық жазу түсініледі, мұнда дыбыс-, бейнежазба тіркеудің негізгі нысаны болып табылады.

12. Қылмыстық процесте тергеу, жедел-тергеу тобында бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстап алу туралы шешімді қабылдайтын тұлға:

1. топ жетекшісі
2. топ құрамындағы кезкелген тергеуші
3. тек прокурор
4. тек тергеу бөлімінің бастығы
5. жоғарыда айтылғанның барлығы

13. Қылмыстық процесте түнгі уақытта тергеу әрекеттерін жүргізуге болады ма:

1. кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда болады
2. түнгі уақытта қандайда болмасын тергеу әрекеттерін жүргізуге қатаң салынады
3. тергеу судьясының санкциясымен ғана болады
4. болады, егер де басшылықтың рұқсаты және қатысушылардың келісімі болса
5. болады, бірақ ол туралы прокурорды міндетті түрде ескерту керек

14. Егер, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта ҚПК-тің кеңістікте қолданылуының өзгеше белгілері белгіленсе қолданылады:

1. халықаралық шарттың ережелері
2. Қазақстан Республикасы заңдарының ережелері
3. Ресей Федерациясы заңдарының ережелері
4. Біріккен Ұлттық Ұйымдарының ережелері
5. ЕҚЫҰ ережелері

15. Қылмыстық процесте беттестіру жүргізудің мақсаты:

1. бұрын жауап алынған екі адам арасында айғақтарында елеулі айшылықтар болса
2. жаңа дәлелдемелер табу
3. көрінеу жалған айғақтарды әшкерлеу
4. айғақтардың растылығын оларды салыстыру жолымен анықтау
5. жаңа фактілік деректерді анықтау

16. Қылмыстық процесте қарап-тексеру жүргізудің мақсаты:

1. қылмыстың ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау
2. қылмыстық істі қозғау
3. қылмыстың құрамы бар жоқтығын анықтау
4. күдікті адамды іздеп табу
5. барлық жауап дұрыс

17. Қылмыстық процесс заңына сәйкес тану үшін көрсету ұсынудан бұрын міндетті түрде жүргізілетін тергеу әрекеті:

танушы адамнан жауап алу

1. тінту
2. куәландыру

3. заттарды және құжаттарды алу
4. беттестіру

18. Қылмыстық-процестік заңына сәйкес үлгі ретінде алынады:

1. дененің сыртқы тері қабаттарының микроскопиялық қырындылары
2. адамның интеллектісі
3. тергеу іс әрекеті
4. мінез-құлқы
5. барлық жауап дұрыс

19. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау негіздері:

1. өлімнің себептерін білу
2. тексерілетін іс-әрекет болған бағытты және орынды анықтау
3. деректерді анықтау
4. күдіктіден айғақ алу
5. барлық жауап дұрыс

20. Тергеулігі туралы мәліметтің немесе арыздың берілуі келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1. егер де қылмыс берілген ауданнан тысқары жерде жасалғанда және оқиға орнын қарап-тексерудің қажеттілігі болса
2. егер де жәбірленуші басқа ауданда тұрса
3. егер де қылмыс басқа ауданда басталған болса
4. егер де жеке тәртіппен қудалауға түскен арызда жасалған қылмыстың белгілері бар болса
5. барлық жауаптар дұрыс емес

21. Арызды қабылдаудан бас тартуға қандай жағдайда жол беріледі:

1. жол берілмейді
2. қылмыстық құқық бұзушылық көзі болмаса
3. толық мәліметтер болмаса
4. жасалған іс-әрекеттің онша мәні болмағанда
5. тергеушінің қалауы бойынша

22. Қылмыстық-процестік заңына сәйкес қашықтықтан жауап алу жүргізіледі

1. адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуі
2. жас немесе кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіден жауап алу тәртібі
3. сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдерін сақтау және сотта қылмыстық істі дер кезінде қарау
4. жауап алу қиын немесе артық шығындармен байланысты болады деп пайымдауға
5. барлық жауаптар дұрыс

23. Тергеу судьясы айғақтарды сақтауға қою өтінішхатты қарастырады:

1. 24 сағат ішінде

2. 12 сағат ішінде
3. 1 сағат ішінде
4. 10 сағат ішінде
5. дер кезінде

24. Қашықтықтан жауап алуды жүргізудің бастамасы ретінде шешім кіммен қолданылады:

1. сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өз бастамасымен немесе тараптың өтініш хаты бойынша немесе прокурордың нұсқауы бойынша
2. тек тергеу бастығының нұсқауымен
3. сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның және анықтау бастығының нұсқауымен
4. сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу судьясының келісімімен
5. сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық процесс қатысушылардың нұсқауы арқылы тек қана өтінішпен

25. Алдын-ала тергеу мерзімі:

1. 2 ай
2. 10 күн
3. 72 сағат
4. 15 күн
5. 1 ай

26. Прокурор сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін айыптау актісімен бірге істі ала отырып, қанша уақыт ішінде шешім қабылдайды:

1. 3 тәулік
2. 5 тәулік
3. 6 тәулік
4. 1 тәулік
5. 24 сағат

27. Қылмыстық процесте адамнан жауап алу үзіліссіз қанша сағаттан артық жүргізбелуге тиіс:

1. 4 сағаттан
2. 8 сағаттан
3. 10 сағаттан
4. 12 сағаттан
5. 16 сағаттан

28. Жауап алуды жүргізудің жалпы қағидаларының бірі:

1. жауап алу алдында жауап алынатын адамның жеке басына көз жеткізу
2. қатысушылардан бір уақытта жауап алу
3. қайталап жауап алу

4. жауап алу хаттамасын дер кезінде прокурорға жолдау
5. барлық жауап дұрыс

29. Қылмыстық процесте куәдан және жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері:

1. айғақ беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі
2. куәмен жәбірленушіге мемелкет тарапынан адвокат тағайындалады
3. кінәсіздік призумпциясы түсіндіріледі
4. жауап алу хаттамасымен танысады
5. барлық жауап дұрыс

30. Қылмыстық процесте тұрғын үй-жайды қарап-тексеру жүргізудің процестік тәртібі:

1. онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе тергеу судьясының санкциясымен
2. онда тұратын кәмелетке толмаған адамдардың келісуімен немесе прокурордың санкциясымен
3. тек прокурордың қатысуымен ғана жүргізіледі
4. куәмен немесе жәбірленушінің қатысуымен
5. барлық жауап дұрыс

31. Қылмыстық процесте жәбірленушіні және куәні мәжбүрлеп куәландыру жүргізудің процестік тәртібі:

1. тергеу судьясының санкциясымен
2. прокурордың санкциясымен
3. тергеушінің қаулы шығару арқылы
4. куәмен және жәбірленушіге мәжбүрлі түрде куәландыру жүргізілмейді
5. дұрыс жауап жоқ

32. Қылмыстық процесте консулдықтар орналасқан үй-жайларда тінту жүргізілу тәртібі:

1. Консулдық басшының келісімімен
2. Сыртқы істер министірлігінің өкілінің келісімімен
3. Прокурордың келісімімен
4. Осы үй-жайда тұратын адамның келісімімен
5. Бас прокурордың келісімімен

33. Қылмыстық процесте адамды тану үшін көрсету тергеу әрекетін жүргізу бұрын міндетті түрде өткізілетін тергеу әрекеті:

1. танушы адамнан жауап алу
2. тінту
3. куәландыру
4. заттарды және құжаттарды алу
5. беттестіру

34. Қылмыстық процесте жеке тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламасы болуы мүмкін:

1. ауызша немесе жазбаша
2. жеке немесе қоғамдық
3. субъективті немесе объективті
4. стандартты
5. барлық жауап дұрыс

35. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процесте өз кінәсін мойындап келу дегеніміз:

1. жеке хабарлама
2. еркін хабарлама
3. жазбаша хабарлама
4. ауызша хабарлама
5. барлық жауап дұрыс

36. Моральдық зиянның зардаптарын жою дегеніміз:

1. ресми түрде кешірім сұрау міндетті
2. БАҚ да бір айдың ішінде қажетті хабарлама жасау
3. заңгерлік көмек үшін қаражат аудару
4. заңсыз табылған мүлікті тәркілеу
5. мемлекеттің наградаларын қайтару

37. Ақтау үкімі дегеніміз:

1. сотталушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса
2. қылмыс жасауға сотталушының қатысуы дәлелденбесе
3. мүлікті зиянның толық көлемі өтелінсе
4. арнаулы медициналық ұйымға заңсыз орналастырылса
5. рақымшылық актісі қабылданса

38. Қылмыстық іс бойынша өндіріс кезінде іс әрекеттердің барысы, нәтижесі тиісті құжаттарда бекітіледі:

1. қаулы
2. хаттама
3. шағым
4. ұсыныс
5. өтініш

39. Қылмыстық процесте сот төрелігінің мақсаты:

1. ақиқатты анықтау
2. заң жүзінде шешім қабылдау
3. ақтау (реабилитация)
4. қылмыстардың алдын алу
5. қылмыстық істі тергеу

40. Қылмыстық процесте белгіленген мерзімдер есептеледі:

1. сағаттармен
2. тәуліктермен
3. айлармен
4. күнтізбемен
5. айлық есептік көрсеткішпен

41. Бір іс жүргізуде біріктірілмеуі тиіс қылмыстық істер:

1. істі объективті қарауға бөгет жасайтын барлық айыптаулар
2. қылмыстық ізге түсу біреуінен жекеше, ал екіншісінен жария түрде болса
3. адамның бірнеше қылмыс жасалғандығын айыптау
4. бірнеше қылмыстарды жасағандығына бірнеше адамдарды айыптау
5. кәмелетке толмағандардың істері

42. Қылмыстық процесс заңына сәйкес қылмыстық ізге түсу органдары:

1. прокурор
2. анықтау органы
3. тергеуші
4. мәлімдеуші
5. сот

43. Жақындауға тиым салуда қолданылатын шектеулер:

1. жәбірленушіні іздестіруге шектеу
2. олармен телефон арқылы сөйлесуін шектеу
3. жәбірленушінің ізіне түсу, оларға бару шектеу
4. кепілді қолдануға шектеу
5. лауазымынан уақытша шеттетуге

44. Қылмыстық процесте моральдық зиянның зардаптарын жою дегеніміз:

1. ресми түрде кешірім сұрау міндетті
2. адамның жұмыс істейтін, тұратын жері бойынша жазбаша хабарлама жолдау
3. дипломатиялық дәрежесін қайтару
4. тегін адвокаттық көмек беру
5. жабық сот мәжілісін өткізу

45. Қылмыстық процесте заттай айғақтар заңға сәйкес алынбаған болып табылатын жағдайлар:

1. егер олар затты қарау хаттамасынсыз алынса
2. егер олар куәгерлердің қатысумен алынса, бірақ куәгердің біреуі кәмелетке толмаған болса
3. егер олар қылмыстық құқық бұзушылық объектісі болса
4. қылмыстық құқық бұзушылықтың құралы болып табыла алса
5. егер олар процессуалдық дұрыс рәсімделсе

46. Жекеше айыптау жөніндегі істі қарап, судья мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1. тараптар бітімге келген жағдайда істі тоқтатады
2. айыптау немесе ақтау үкімін шығарады
3. сотталушы өтеуге тиіс қылмыстық жазаны тағайындайды
4. мүлікті тәркілеуді қамтамасыз етеді
5. таңдалған бұлтартпау шарасының күшін жояды

47. Қылмыстық іс жүргізу функцияларының көмекші тобы:

1. ақтау (реабилитация)
2. азаматтық талаптың орындалуын қамтамасыз ету
3. қылмыстық істі тергеу
4. қылмыстық ізге түсу
5. соттың қылмыстық істі шешуі

48. Қылмыстық процесте адамды күдікті деп тану дегеніміз:

1. күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған
2. өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарыл
3. айыптау үкімі шығарылғанда
4. айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан кезден бастап.
5. айыптаушы ретінде жауап алынса

49. Қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы міндетті:

1. ол туралы күдікті немесе айыпталушы өтініш жасаса
2. іс сотта қаралған кезде прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса
3. тергеушінің өтініші бойынша
4. жекеше-жариялы айыптау істері бойынша
5. күдікті кәмелетке толса

50. Қылмыстық процесте сот отырысының хатшысына қарсылық білдіру туралы мәселені шешеді:

1. сот
2. судья
3. облыстық сот
4. облыс прокуроры
5. тергеуші

Процесуалдық құжаттардың үлгілері

Оқиға болған жерді қарап-тексеру ХАТТАМАСЫ

«18» __ 04 __ 2023 ж.

Қарағанды қ.

Қарау басталды: __ 13 __ сағ. __ 50 __ мин.

Аяқталды: __ 15 __ сағ. __ 12 __ мин.

Қарағанды қ. Орталық ПБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Л.Л.Иванов, __ 13 __ сағ. __ 35 __ минутта Қ.Қ. Карловтан қылмыс туралы хабарлама келіп түсті, Қарағанды қ., Құрылысшылар даңғылы, 10 мекен жайы бойынша оқиға орнына келді. Қатысушылар:

1.Қарағанды қ. Орталық ПБ ЖҚБ маман – криминалист, полиция капитаны Петров С.С.,

2.Қарағанды қ. Орталық ПБ кинологы, полиция лейтенанты Иванов С.К.,

3.Қарағанды қ. Орталық ПБ жедел уәкілі, полиция майоры Исин А.С.

ҚР ҚПК 219-220 бабы негізінде К.К. Карловта ұрлық бойынша Қарағанды қ., Құрылысшылар д. 10 мекен жайда оқиға болған жерді қарадым. Ол туралы, ҚР ҚПК 199, 220 баптарына сәйкес хаттама жасалды.

Оқиға болған жерді қарау туристік фирма директоры К.К.Карловтың иесінің қатысуымен және келісімімен жүргізілді.

қарсы емесін _____ **К.К. Карлов**
(қолы)

Маман – криминалист С.С.Петровқа ҚР ҚПК 80 бабы бойынша құқықтар мен міндеттері түсіндірілді және өз міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін ҚР ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай жаза қолдану туралы ескертілді.

Маман _____ **С.С. Петров**
(қолы)

Қарап-тексеру кезінде К.К. Карловқа мырза қатысты, оған ҚР ҚПК-ң 219-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілерді табу және анықтау, оқиғаның мән-жайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында жергілікті жерді, _____ үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізетіні түсіндірілді. Тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары осы тергеу әрекетінің барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

Қатысушы _____ **К.К. Карлов**

(қолы)

Жоғарыда аталған тұлғаларға тексеру барысында жүргізілетін барлық әрекеттерге қатысу құқығы түсіндірілді; тексеру жүргізуге қатысты хаттамаға енгізілетін мәлімдемелер мен ескертулер жасауға; тексеру хаттамасымен танысуға; тергеушінің әрекетіне шағым жасауға; осы тергеу әрекетін жүргізу кезінде шеккен шығындарының орнын толтыру. Сондай-ақ тексеру кезінде қажет болған жағдайда сараптамалық істе қамтылған оптикалық құрылғылар, жарық сүзгілері, құйма жасауға арналған материалдар және басқа да техникалық құралдар, сондай-ақ арнайы жарықтандыру құралдары қолданылатыны туралы хабарланды.

Оқиға болған жерді тексеру ашық ауа райында, табиғи жарықта, ауа температурасы – 15⁰ жүргізілді.

Тиісті заттар мен іздерді тексеру және алу кезінде 3D фотосуреттер Canon ED1100 SLR сандық камерасына түсірілді.

ҚР ҚПК 199-бабына сәйкес оқиға болған жерді қарауды бейнежазбаға түсіру 3D модельдеу форматын қолдану арқылы жүзеге асырылды.

ҚАРАУМЕН АНЫҚТАЛДЫ:

Оқиға орнын тексеру барысында мыналар табылып, алынды:

1. А4 парағында қалдырылғаноң аяқтағы аяқ киімнің ізі, шкафтың жанында еденнен табылған, «Скотч» жабысқақ таспамен жабылған (№1 Қосымша);

2. Турагенттіктегі кофе үстелінің үстінде тұрған, картон қорапқа салынған саусақ ізі бар 17*6,7*5,5 см өлшемді стақан (№2 Қосымша);

3. Кітап шкафының сол жақ есігінің жылтыратылған бөлігінен алынған саусақ ізімен өлшемі 3,5*4,0 см қара саусақ ізі пленкасы (№3 Қосымша);

4. Металл сейфтің жанынан еденнен табылған қанға ұқсас қою қоңыр дақтары бар жағындылары бар екі дәке тампоны (№4 Қосымша);

5. Турфирмадағы негізгі жұмыс үстелінің бетінде қара шаш табылған (№5 Қосымша).

Тексеру барысында ОЖҚ сызбасы құрылды, ол осы хаттамаға тіркелді.

Тексеру барысында тергеу әрекетіне қатысушылардан арыздар мен ескертулер түскен жоқ.

Қатысушы келісемін, _____ **К.К.Карлов**
(КОЛЫ)

Маман _____ **С.С. Петров**
(КОЛЫ)

Жеделуәкіл _____ **А.С. Исин**
(КОЛЫ)

Тексеру жүргізді, хаттамажасады:
ТБ тергеуші **Л.Л. Иванов**

**Заттарды қарап-тексеру
ХАТТАМАСЫ**

«_18_» __04__2023 ж.

Қарағанды қ.

Қарап-тексеру басталды: 18 сағат 45 минут
Қарап-тексеру аяқталды: 19 сағат 05 минут

Қарағанды қ. ПБ Орталық ПБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Иванов Л. Л. ҚР ҚПК 124, 219, 220, 221-баптарына сәйкес, Қарағанды қ. ПБ № 203 қызметтік кабинетінде (жасанды, табиғи) жарықтандыру кезінде Қарағанды ПБ Орталық ПБ ЖКБ криминалист- маманы полиция капитаны С. С. Петровтың қатысуымен 20 000 теңгелік купюраларды қарап-тексеру жүргізіп, ҚР ҚПК-нің 199, 224-баптарына сәйкес осы хаттама жасалды.

Тексеруді бастамас бұрын маман С.С. Петровқа ҚР ҚПК 80-бабында көзделген құқықтар мен міндеттері түсіндірілді және ол дәлелді себептерсіз өз міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін ҚР ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу туралы ескертілді.

ҚАРАУМЕН АНЫҚТАЛДЫ:

ҚР ҚІЖК 199-бабының 3-бөлімін басшылыққа ала отырып Canon ED1100 маркалы бейнекамераға заттарды қарап-тексеру хаттамасын бейнетіркеу жүргізіледі.

20 000 теңге номинал, АА сериясының әріптік белгісі және номиналдың жеке нөмірі No 256556, өлшемі 155x79 мм, сырт жағында төменгі сол жақ бұрышта көк түспен «400» деген жазу бар.

Криминалист-маман: _____ **С.С.Петров**
(Подпись)

Қарап-тексеруді жүргізді: _____ **Л.Л.Иванов**

Жәбірленушіден жауап алу ХАТТАМАСЫ

18 » _04_ 2023 ж.

Қарағанды қ.

Басталды: _15_ сағ _10_ мин.,

Аяқталды: _16_ сағ _45_ мин.

Қарағанды қ. ПБ Орталық ПБ ТБ полиция капитаны Л.Л. Иванов, Қарағанды қ. Орталық ПБ № 320 қызметтік кабинетінде ҚР ҚПК 197, 199, 212 б.б. талаптарға сәйкес, ҚР ҚПК 208-210, 214 баптарын басшылыққа ала отырып № 00000000 қылмыстық іс бойынша жәбірленуші ретінде:

Тегі, аты, әкесінің аты: Карлов Леонид Леонидович

Туылған күні: 10.10.1981 ж.т.

Туған жері: Қарағанды қ.

Ұлты: орыс

Білімі: орта - арнаулы

Азаматтылығы: ҚР

Отбасы жағдайы: үйленген

Тұратын жері: Қарағанды қ., Степной ықшам ауданы, 1 үй, 12 пәтер

Байланыс телефоны: 8-707-673-54-77

Мамандығы, лауазымы: туристік агентігінің директоры

Жеке басын куәландыратын құжаттар: №76115238 ҚР ИМ 08.09.2016 ж. берілді

Соттылығы: сотталмаған

Жәбірленуші мен күдікті арасындағы қарым-қатынас: таныс емес

ҚР ҚПК 110, 210 бабына сәйкес Л.Л. Карловқа ҚР ҚПК 71-бабында көзделген жәбірленушінің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Жәбірленушінің келтірілген күдік пен тағылған айыптау туралы білуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; дәлелдемелерді ұсынуға; өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өкілінің болуына; қылмыстық қудалау органы одан дәлелдеу құралы ретінде алып қойған немесе өзі ұсынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамнан алып қойылған, өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың төлнұсқаларын алуға; заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуға, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуға; қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдануға келісім білдіруге; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге; өз өтінішхаты не өз өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын ұсыну, жеке өмірінің мән-жайларын жария етпеу туралы, күдіктіге қатысты жақындауға тыйым салуды қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; өзін жәбірленуші деп тану немесе одан бас тарту, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылардың, айыптау актісінің, сотқа дейінгі жеделдетілген

тергеп-тексеру хаттамасының, айыптау хаттамасының көшірмелерін, сондай-ақ бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға; ал сот отырысында аудио-, бейнетіркеу қолданылған жағдайда – хаттаманың соңына қол қоюға, хаттамаға ескертулер беруге құқылы; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге; соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; іс бойынша келтірілген шағымдар, прокурордың өтініш хаттары және наразылықтар туралы білуге, оларға қарсылықтар беруге және оларды қарауға қатысуға; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; тараптардың процестік келісім жасасу ниеті, оның шарттары мен салдары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге; Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасына сәйкес өтемақы алуға құқығы бар.

Осы Кодекстің 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, жәбірленушіге заң көмегі тегін ұсынылады.

Жәбірленуші: _____ **Карлов Л.Л.**

(қолы)

Жәбірленуші қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген кезде ол осы Кодекстің 157-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге ұшырауы және оған осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Жәбірленуші айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін заңға сәйкес қылмыстық жауаптылықта болады.

Жәбірленуші: _____ **Карлов Л.Л.**

(қолы)

Жәбірленушіге No 00000 қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қолда бар, алдын ала тергеу құпиясын құрайтын мәліметтерін жария етуге жол берілмейтіндігі туралы ескертілді, ол менің қатысуыммен тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде белгілі болды.

Істе бар мәліметтерді прокурордың келісімінсіз жария еткені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 423-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертілді.

Жәбірленуші: _____ **Карлов Л.Л.**

(қолы)

Қазақстан Республикасы ҚПК 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қылмыстық іс жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады. Қылмыстық іс жүргізуді және орыс тілінде айғақ беруді қалаймын, маған аудармашының қызметтері қажет емес.

Жәбірленуші: _____ **Карлов Л.Л.**

(қолы)

Қазақстан Республикасы ҚПК 42-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қағаз және (немесе) электрондық форматта жүзеге асырылады. Қылмыстық іс материалдары бойынша электрондық форматта сотқа дейінгі тергеу жүргізуіңізді сұраймын.

Жәбірленуші: _____ **Карлов Л.Л.**

(қолы)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 199-бабына сәйкес жауап алу кезінде дыбыс-бейне жазу Canon ED1100 маркалы бейнекамерада жүргізіледі.

Жәбірленуші: келісемін _____ **Карлов Л.Л.**
(қолы)

Л.Л. Карловтың жауабынан: 2023 жылдың 18 сәуірінде таңғы сағат 01.00-ден 10.00-ге дейін белгісіз біреу Құрылысшылар даңғылы, 10 мекенжайында орналасқан «Казтур» туристік агенттігіне құлыпты бұзып, заңсыз кіріп, оның 850 000 сомадағы ақшасын жымқырғанын анықтады. (20 мың және 10 мың теңгелік номиналдар).

Жәбірленуші: _____ **Карлов Л.Л.**
(қолы)

Жауап алған:
ТБ тергеуші

Иванов Л.Л.

**Күдіктіден жауап алу
ХАТТАМАСЫ**

« 18 » 04 2023 ж.

Караганда қ.

Жауап алу ___ сағат _____ минутта басталды
Жауап алу ___ сағат _____ минутта аяқталды

Қарағанды қ. ПБ Орталық ПБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Иванов Л. Л. ҚР ҚПК 64, 115, 199, 209-210, 212, 216-баптарына сәйкес, Қарағанды қ. ПБ № 320 қызметтік кабинетінде қорғаушы Омарова А.Р.-ның қатысуымен, күдікті ретінде №_000000000__ қылмыстық іс бойынша жауап алды.

Тегі, аты, әкесінің аты: Карлов Леонид Леонидович

Туған күні: 10.10.1981 ж.т.

Туған жері: Қарағанда қ.

Ұлты: орыс

Білімі: орташа

Азаматтығы: ҚР

Отбасылық жағдайы, отбасы құрамы: үйленбеген

Тұрғылықты орны: Қарағанда қ., Степная көшесу, 1 үй, 12 пәтер

Байланыс контакты: 8-707-673-54-77

Жұмыс орны: жұмыссыз

Жеке басын куәландыратын паспорты немесе өзге құжаты: ж/к от 08.09.2016 ж. №76115238 ҚР ИМ

Сотталғандығы: сотталмаған

Іскери міндеттілікке қатысы: әскери міндетті

Жауап алу басталар алдында күдікті аз. Л.Л.Карловқа қорғаушының қатысуымен ҚР ҚПК-нің 64-бабында көзделген құқықтар түсіндірілді, атап айтқанда:

Күдікті: ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге; күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; айғақ беруден бас тартуға; сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; дәлелдемелерді ұсынуға; өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацацияны жүргізу үшін пробацация қызметіне жүгінуге; өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға;

тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процесік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процесік келісімді жасасуға; қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге; тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы Кодекстің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процесік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесі жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Маған Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 64-бабында көзделген күдіктінің құқықтары түсіндірілді, оларды қолдануға қатысты сұрақтарым жоқ.

Күдікті түсіндірілді _____ **Л.Л. Карлов**
(қолы)

Көрсетулерді орыс тілінде бергім келеді, маған аудармашының қызметі қажет емес. Күдікті түсіндірілді _____ **Л.Л. Карлов**
(қолы)

Аз.Л.Л. Карлов күдікті ретінде тану туралы оған бұрын берілген қаулыда көрсетілген қылмыс жасағаны үшін өзінің кінәсін мойындайдыма деген сұрақтар жауап аз. Л.Л. Карлов жауап берді:

толық мойндаймын _____ **Л.Л.Карлов**
(қолы)

ҚР ҚПК-нің 199-бабының 3-бөлігін басшылыққа ала отырып, күдікті Л.Л. Карловтан жауап алу кезінде Сапон ED1100 бейнекамерасымен дыбыс және бейне жазба жүргізіледі.

Күдікті келісемін _____ **Л.Л. Карлов**
(қолы)

Л.Л.Карловтың айғақтарынан 2023 жылғы 18 сәуірде сағат 02.30 шамасында Строителей даңғылы, 10 мекенжайында бола отырып, «Қазтур» туристік агенттігінің ғимаратында ешкімнің жоқтығын пайдаланып, кілтін таңдап алып, үйге заңсыз кіріп, сейфтен 850 мың теңге ақша ұрлаған.

Көрсетулерді өз еркіммен бермін, ешқандай қысым көрсетілген жоқ. Бейнежауап алуда жазылған көрсетулерді толық растаймын.

Күдікті _____ **Л.Л. Карлов**
(қолы)

Қорғаушы _____ **А.Р.Омаров**
(қолы)

Жауап алды
ТБ тергеуші _____ **Л.Л.Иванов**
(қолы)

Қорытынды

Жауап алу тергеу әрекетінің қолдануы актуалдылығы және қиындығы айқын. Қылымстық құқық бұзушылықты сотқа дейінгі тергеп-тексеру көп жағдайда даулы сипатқа ие екені кұпия емес.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде жауап алу – бұл тергеу әрекеттерінің ең көп тараған түрі деп есептейміз. Жауап алудың мәні іс бойынша анықтауға жататын түрлі мән-жайлар туралы жауап алынушы тұлғалардан айғақтарды алумен тұжырымдалады. Жеңіл болып көрінгенмен бұл әрекеттер қисынды, күрделі, көп жоспарлы сипатқа ие және тергеушінің жоғары кәсіптік дайындығы мен шеберлігін талап етеді. Оны тиімді өткізу үшін тергеуші жауап алынушының психологиясын жақсы білу, олармен дұрыс қарым-қатынас орнату, нақты бір жағдайға, жауап алынушының жеке тұлғасына, қолда бар дәлелдемелерге байланысты психологиялық ықпал етудің түрлі тактикалық тәсілдері мен әдістерін түрлендіруі қажет.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жауап алғанда қылмысты оқиғаға қатысты мынадай мәліметтерді білуге болады: қылмыстың болған уақыты; оның орны; амал-әдісі; қылмысты кімдердің жасағаны; оған қанша адамдардың жасағаны; істеген қылмыстың зардабы, залалы; сипаты мен мөлшері және басқа да мән жайларды анықтауға тура келеді. Куәның процессуалдық жағдайына байланысты жауап алудың түрлері: аймақтық инспектордың алған жауабы; жедел өкілеттің алған жауабы; анықтаушының алған жауабы; тергеушінің алған жауабы; прокурордың алған жауабы; соттың алған жауабы.

Қылмыстық сот өндірісінде арнаулы танымдары куәлардың осы санатының бекітілуі дұрыс болып неге сай пайдалануда білгір куәлардың жауап алу дербес нысан болып табылатындығы жайлы тұжырымдама жасаға мүмкіндік береді. Қылмыстық іс бойынша берген жауап – іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтайтын заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер, мәліметтер, ал олар қылмыстық іс бойынша дәлелдеме болып табылады. Қазақстан Республикасының Қазақстан процестік кодексінің бабына сәйкес, күш қолдану, қорқыту, алдау сонымен бірге өзге де заңсыз іс-әрекеттер арқылы алынған деректерді дәлел ретінде пайдалануға жол берілмейді деп жазылған. Демек, куәға қылмыстық іс жүргізу барысында ешқандай қысым, күш көрсетілмеуге тиіс және осы талаптарды сақтай отырып алынған деректердің ғана дәлелдемелік күші болады. Қылмысты уақтылы ашуда және оны дұрыс шешуде құқық қорғау органына біршама көмекті куәлар көрсетеді. Куә болу – азаматтың құқығы ғана емес, бәрінен бұрын жауапкершілікті міндет.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді жинауда, зерттеуге және оны пайдалануда жауап алу мен беттестіру жөніндегі дәріс тәжірибе барысында тиімді әрекеттердің бірі деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған) (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасының қылымыстық кодексі 03.07.2014ж. (өзгертулер мен толықтырулар 01.01.2023).
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі 04.07.2014ж. (өзгертулер мен толықтырулар 01.01.2023).
4. Кенжетәев Д.Т., Калиев А.К., Балтабаев Т.Н. Примерные образцы уголовно-процессуальных документов досудебного расследования. – Караганда, 2014.
5. Калиев А.К., Шакжанов А.Т., Акшолоаков Р.Б. Алаяқтық жолмен жасалған қылмысты сотқа дейінгітергеп тексеру. – Қарағанды, 2015.
6. Тяжина А.О., Ногайбаева А.С. Новеллы досудебного расследования по УПК Республики Казахстан учебно-практическое пособие (краткий анализ в схемах).- Караганда, 2015.
7. Тяжина А.О., Ногайбаева А.С. Досудебное расследование отдельных категорий уголовных правонарушений (изнасилование). – Караганда, 2015.
8. Калиев А.К., Кондратьев И.В., Хасенов Е.А. Досудебное расследование уголовных правонарушений (убийство). – Караганда, 2015.
9. Бейсенбаев А.Ж., Кондратьев И.В. Дознание по присвоению или растрате вверенного чужого имущества. Образцы процессуальных документов. Учебно-практическое пособие. – Караганда, 2015.
10. Калиев А.К., Тяжина А.О., Сулейменов Т.Н. Досудебное расследование уголовных правонарушений, связанных с тайным хищением чужого имущества: Учебно-практическое пособие.- Караганда, 2015.-218 с.
11. Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу /Т.Е. Сәрсенбаев, С.В. Смирнов, А.Л. Ханның жалпы редакциясымен. – Қарағанды, 2010. - 212 бет.
12. «Іс жүргіземін десен» - Қылмыстық іс жүргізу пәніне арналған жаттығулар жинағы: Оқулық құрал. - Астана:ФОЛИАНТ, 2001.-179б.
13. Алауханов Е.О.(Алауов). Қылмыстық іс жүргізу құжаттары (жинақ үлгілері орыс және қазақ тілдерінде) .-Алматы:Дәнекер,2001.-224б.
14. Бычкова С.Ф. Сот экспертологиясы:Лекциялар курсы:Оқу құралы.
15. Бычкова С.Ф., Бычкова Е.С., Калимова А.С.. -Алматы:ЖЕТІ ЖАРҒЫ,2006.-368б
16. Қалиев А.Қ. «Қылмыстық іс жүргізудегі материалдық зиянның орнын толтыру»: Оқу құралы. Қарағанды: ҚР ИМ ҚЗИ,2007.-88б.
17. Балғымбеков Д.Ү. «Женгетайларды іс үстінде ұстаудың тактикалық амалдары: Оқу құралы.- Қарағанды: ҚР ИМ ҚЗИ, 2002.- 90б.
18. Тілеубергенов Е.М. Криминалистикалық сараптамаларда шешілетін сұрақтар: Оқу құралы.- Алматы:Дәнекер,2003.- 122б.
19. Құсайынов Ш.Қ. «Айыпталушы ретінде жауапқа тарту: Оқу құралы/ - Қарағанды: ҚР ИМ ҚЗИ, 2006.-132б.

20. «Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері» (сотқа дейінгі саты) //Т.Е.Сәрсенбаевтың жалпы редакциясымен. – Қарағанды, «Болашақ – Баспа» РББ, 2010. – 371 бет.

21. Еникеев М.И., Образцов В.А, Эминов В.Е. Следственные действия: психология, тактика, технология: учеб.пособие. – М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2007. – 216 с

22. Капсалямов К.Ж. Уголовно-процессуальное принуждение: гарантия, принципы, реализация. - Астана, 2001 г. - 160 с.

23. Практикум по уголовно-процессуальному праву Республики Казахстан / Под ред. д.ю.н. проф. А.Н. Ахпанова. – Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова. 2005. – 212 с.

24. Примерные образцы уголовно-процессуальных актов досудебного производства /Под общ.ред. А.Н. Ахпанова, Т.Е.Сарсенбаева.-Астана ИКФ"Фолиант",2000.-384с.

25. Примерные образцы уголовно- процессуальных актов досудебного производства /Под ред. А.Н. Ахпанова/. – Алматы: Жеті жарғы, 2006.– 400 с.

26. Сарсенбаев Т. Е., Хан А.Л. Уголовный процесс: Досудебное производство: Учебное пособие /Отв.ред. Т.Е.Сарсенбаев.- Астана:ИКФ "Фолиант",2000.-192с.

27. Сарсенбаев Т.Е., Смирнов С.В., Хан А.Л. Расследование уголовного дела: кража чужого имущества: *Учебно-практическое пособие*. - Астана: Акрам групп, 2006.-200 с.

28. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы, 1998.

29. Толеубекова Б.Х., Капсалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть особенная. Досудебные стадии: Учебник. – Алматы НииРИО Академии МВД Республики Казахстан, 2000. – 270 с.

30. Хан. А.Л. Система и процессуальный статус органов, осуществляющих досудебную деятельность. – Караганда, 2004.